Бұл не ғажап- жұрт керең боп қалған ба?
Мен не болсам, болайын, саған садақа,
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба.
(«Мұң»,1913) [4]

Жеті өлеңнен алынған бір-бір шумақ мысалдың өзінен-ақ бұлардағы ортақ ой, ортақ сезім, ортақ көңіл күйі анық есіп тұр. Ақын жүрегіндегі басты қайғы- елдің тағдыры, қазақ болашағы, отаршылдық кесапатына жұтылып, тозып бара жатқан даланың пұшайман, қалт-құлт тірлігі.Қайраткер азамат бостандық, азаттық үшін өзін құрбандыққа шалуға даяр, соңғы демі қалғанша еркіндік жолында күресуге бар[2].

Әдебиеттің барлық жанрында бірдей қалам тартқан қаламгер қоғамдық- әлеуметтік іске жанын салып араласқан қайраткер Міржақып Дулатовтың өмірлік мақсатының биік нысанасы, тапжылмас темірқазығы – біркүндік даңқ, өтпелі дәулет, баянсыз шен емес, туған халқының бостандығы: өзін-өзі билеуі, отарлық езгіден құтылуы, ол қуғын-сүргін көріп жүргенде де ақтық демі біткенше бұл жолдан тайғанжоқ. Қазақ жұртының бүгінгі, болашақ буындарын алаш деп ұран салып , келешек үшін арыстанша алысқан Міржақып Дулатовтың тәуелсіздік рухымен жырлаған поэзиясы халқына мәңгілік мұра!

Әдебиеттер:

1. Қоңыратбаева Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы,Алматы 1994 ж.312 б.

2. Мырзахметоа М.Отаршылдық дәуірдегі әдебиет. //Жұлдыз,1993 ж. №7.
3. Жұмалиев Қ. XYIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті.Алматы: Мектеп, 1967 ж.
4. М.Дулатұлы шығармашылығы I том. Алматы.1996 ж.
5. «Оян, қазақ » Құрастырушы Әсеметов М. Алматы.1991 ж.

УДК 811.512.122

ГРАММАТИКАНЫ ҮЙРЕТУДІҢ ТІРЕК СЫЗБАЛАРДЫҢ РӨЛІ

Сарманова Ф. Т. - А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университиті гуманитарлық-әлеуметтік факультеті практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы

Түйін

Мақалада қазақ тілі сабағы барысында тірек сызбаларды пайдалану рөлі көрсетілген. Тірек сызбалар студенттердің көзбен көріп, еске сақтау қабілеттерін арттырып, білімге деген құштарлығын, ынтасын дамытады.

Аннотация

В статье показана роль опорных схем при изучении казахского языка в русскоязычной аудитории. Опорные схемы развивают у студентов зрительную память, интерес к изучаемой дисциплине.

Summary

The article deals with the role of visual aids in teaching the Kazakh language to Russian students. The visual aids develop students visual memori and interest in the learning subject.

Грамматикалық мағына грамматикалық формалар арқылы беріледі. Сөздің грамматикалық мағынасы мен грамматикалық формасы бір-бірімен тығыз байланысты болады. Сондықтан сөздің өз мағынасы мен грамматикалық мағыналарының арасында кездесетін қиыншылықтарды сабақта жойып, түрлі әдіс-тәсілдерді тауып қолдану қажет. Мұндай әдіс-тәсілдерді және оны қалай қолдану жолдарын грамматиканың әдістемесі белгілейді.

Оқу процесінде көрнекілік құралдарды пайдалануға басты мақсат студенттердің өмір талабына сай танымдық қабілетін дамыта оқытып, шығармашылыққа, нақтылы тұжырымдауға жетелей отырып, қазақ тілінен терең, жинақы білім алуына мүмкіндік туғызу.Сол көрнекіліктің бірі- тірек сызбалар.

Қазақ тілін орыс аудиторияда үйрету барысында етістікті меңгерту өте қиынға түседі. Әсіресе, етістіктің шақтарын мұқият меңгеріп алса, кейіннен сөйлем құрай отырып, төселіп сөйлеп кетуге жол ашылады.

«Етістіктің шақтары» атты грамматикалық тақырыптар бойынша ұсынылған тіірек сызбалар бастауыш сатыға арналған. Өзімнің жұмыс тәжірибемде практикалық қазақ тілі сабақтарында тірек сызбаларды жиі пайдаланып отырамын.Нәтижесі өте жақсы. Студенттер сабаққа қызыға қатысады. Сабақтың барысында тірек сызбалар біріншіден, көзбен көріп, еске сақтау қабілеттерін арттырып, екіншіден, білімге деген құштарлығын, ынтасын дамытады. [1.93].

Студенттер тірек сызбаларды пайдалана отырып, оқу жүйесін жақсы түсінетін болады. Тірек сызбалар арқылы тақырыпты оқыған кезде студенттер грамматиканы кеңінен және керекті грамматиканы қолдану-ларына мүмкіншілік туғызады. Бұл сабақтарда көп сөйлемей-ақ сабақ негіздерін қысқа да нұсқа ұсынып, шығармашылық ой-өріс жүйесін арттыруға жағдай жасалады. Студенттер өз ойларын жеткізуге тиісті грамматиканы оңай түрде қолдана алатын болады.

Сөйлемдегі етістіктің қызметі күшті екені ғылымда әбден дәлелденген. Етістіктің шақ категориясымен студенттер мектепте оқып жүргенде таныса бастайды. Шақ категориясын оқыту барысында оқытушы келесі мәселелерге назар аударады:

1) шақтың мағынасы;
2) шақтың жасалу жолы;
3) жіктік жалғауы;
4) болымды, болымсыз түрлері;

Ал студент материалды есінде сақтау үшін, грамматикалық тақырыптың моделін берген пайдалы.

Тірек сызбаларды әрқашан пайдалануға болады. Ол шақтың жасалу жолын студенттің есінде сақталуына көмектеседі. Сызбаларды қолдану барысында студенттер сөйлем құрастырып, түрлі жаттығулар орындап, шақтарды қолдану дағдысын қалыптастыру барлық шақтың түрлерін жасауға тиіс. Шақтың әр түрімен байланысты жүйелі түрде жүргізген ауызша, жазбаша жұмыстың алуан түрі студентке тірек сызбаларды дұрыс қолдану дағдысын бере алады.

Тірек сызбалар мен сигналдардың қолдану әдістерін ең алдымен Ресейдегі В.Шаталов деген ғалым алғаш рет ұсынып, былай деген: «Тірек сигналдары дегеніміз- ойынның элементі, уақыт үнемділігі және бала психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат – берілген тақырыпты логикалық байланыстар негізінде оқушының түсінуі және ұзақ уақыт есте сақтау». [3.61]. Шаталовтың әдістері өте тиімді, біріншіден, нақты, дәл есептеген тұтас оқу процесін құра білу; екіншіден, уақыт үнемділігі. Бүгінгі күнге дейін бұл әдістемені қолднып жатқан оқытушылар өте көп және де бұл тірек сызбалар мен сигналдарды басқа пәндерді оқыту барысында қолдануға болады.

Тірек сызбалар арқылы тапсырма беруіміз мүмкін немесе студент өз ойын жүйелеп, ереженің түсінуін жеткізуге тырысады. Кейбір кезде ережені бекіткенде, практикалық тапсырма да нәтиже ретінде орындалады. Мысалы,

1. тапсырма: берілген сөйлемдерді орыс тілінен аударып, етістіктің құрамын белгілеңіз.
2. тапсырма: тірек сызбаны пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.
3. тапсырма: берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аударып, етістіктің шақ категориясын көрсетіңіз.

Тірек сызбалар сабақ барысында студенттердің логикалық, танымдық қабілетін дамытуға аз күш жұмсай отырып, терең де көп білім меңгеруге жағдай жасайтын белгілер. Сызбалар студенттерді ұқыптылыққа үйретіп, олардың дүниетанымдық ой-өрісін кеңейтеді. Берілген материалды студенттер ұғынықты, жеңіл қабылдайды. Сабақтан алған әсері, ой-толғаныстары нәтижесінде студенттердің алған білімі тұрақты болады. [4, с.111].

Сондықтан тақырыпқа байланысты қызықты элементтерді пайдалану, оқыту, әр студентпен жеке дара жұмыс жүргізу, өзіндік жұмыс пен ізденістің үлесін арттыру барысында ұстазға әрдайым ізденуге тура келеді. Ең бастысы, жеке тұлғаның танымдық қабілетін дамыта оқытуда көрнекіліктің алатын орны ерекше. Мұндай көрнекілік құралдары : таблица, сызбалар, заттық модельдер, техникалық құралдар жатады.

Егер студенттер тірек сызбаларды үнемі қолданып отырса, берілген грамматикалық тақырып көп уақытта естерінде сақталып, өз ойларын еркін түрде жеткізе алады.

Грамматика мен жазудың әдістемесінде тәжірибелі оқытушының да шеберлікпен қолданған әдіс-тәсілдері де ескеріледі. Жұмыс нәтижелері методиканы дамытуға қосқан болып табылады да, грамматика мен емле әдістемесін жоғары сатыға көтере түседі .

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1991ж.,93-96 б.
2. Н.Оралбаева. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1996ж., 165-166 б.

3. С.Омарова. Тірек сигналдарын пайдаланудың тиімділігі. // Алматы: Қазақ тілі мен әдебиеті. 2005 ж., № 3., 61 б.
4. Г.Кенжебаева. Кредиттік жүйедегі оқыту технологияларының қолданылуы. Алматы, 2008 ж., 111-112 б.

УДК 378.016:81'42

ЖОО-ДА КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕСІ

Алтыбаева А.Б., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы

Түйін

Көркем мәтінді талдау мәтін лингвистикасының маңызды мәселесі қарастырылады.

Аннотация

Художественный разбор текста – это один из видов лингвистического анализа. В данной статье рассматривается художественный разбор текста.

Summary

The literary analysis of a text is one of the types of linguistic analysis. In this article the literary analysis of a text is considered.

Көркем мәтінді талдау мәтін лингвистикасының маңызды мәселесі болып табылады. Мәтін негізгі сөйлеу бірлігі ретінде ХХ ғасырдың 60 жылдары мәтін лингвистикасының негізгі зерттеу нысанына айналды. Оның негізі Э.Бенвенист, В.Скаичка, С.И.Карцевский, В.Матезиус, Ш.Балли, В.В.Винаградов, З.Заррис т.б. еңбектерінде қалыптасты. Жалпы тіл біліміне арналған еңбектерде көркем мәтінді талдау құрылымдық тіл білімінің аясында қалыптасқаны айтылады. Құрылымдық тіл білімі «құрылымдық, құрамдық элементтерге жіктелушілік және олардың бір-бірімен байланысы тілдің ең негізгі қасиеті, тіл білімінің негізгі міндеті – тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланысты талдау – тіл білімінің тек өзіне ғана тән, оның бірден бір нысаны деп білді» [1,186]. Бүгінде «тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланыс» нәтижесінде туындайтын мәтін көптеген ғылымдардың зерттеу насынаны айналып, оны зерттеудің сан алуан қыры анықталды. Осылардың ішінде мәтін лингвистикасы мәтіннің өзіне тән мәні мен болмысы, ерекшелігі, шындық болмыстың мәтінде бейнеленуі, мәтіннің түзілу ерекшелігі, оны қабылдаудың сипаты, мәтіндегі автор мәселесі т.б. жайттарды қарастырады. Бастапқыда жүйелік-құрылымдық тұрғыдан қызығушылық тудырған тіл элементтері бертін келе функционалдық қырынан сөйлеу әрекеті мен тілдік қатынас теориясы тұрғысынан зерттеле түсті. Л.Г.Бабенко, Ю.В.Казарин, Л..Новиковтардың ойынша, мәтін лингвистикасы дербес ғылым саласы ретінде соңғы отыз жыл ішінде қарқынды дамыды және ол ХХI ғасырда әлемдік тіл білімі салаларының ішінде алдыңғы қатарға шығады. Соның ішінде көркем мәтін лингвистикасы аса маңызды орынды алады. Себебі онда мәтіннің бірнеше бөліктерінің ықпалдасуы жүзеге асып, семантикалық және эстетикалық қызметі толық ашылады. Академик Л.В. Щербаның айтуынша, көркем әдеби шығарманы талдау дегеніміз – әдеби шығарманың идеялық мазмұны мен сол арқылы оқырманда туатын түрлі сезімдер тіл арқылы қалай жасалып тұр деген мәселені зерттеу болып табылады. А. Байтұрсынұлы оны кең ауқымда алып қарайды: «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселердің белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеп, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, толғау. Тілдің міндеті - ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау». [2,23]. Адамзат баласына тән қасиеттердің бәрін өзінің бойына тоғыстырған мәтіннің

табиғатын тану тек қана тіл бірліктерін санамалаудан ғана тұрмайтыны белгілі. Әйтпеген күнде ол «фактологияға» айналары хақ (Р.Сыздық).

«Ақын тілінің» өңі мен көркі, лебізі тұтас мәтін контексінде танылады. Көркем сөзбен өрілген мәтін өрнегін А.Байтұрсынұлы үй салу өнеріне ұқсатады. «Сөзден құрастырып пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты. Дыбыстан құралып, сөз жасалған, кірпіштен қалап түрлі үй жасау сияқты, сөзден бірігіп түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы – балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің түзілуінен. Балшық жаман болса, кірпіші жақсы жақсы болмайды, кірпіші жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Бұл рас. Бірақ кірпіш жақсы болса да, қалауы жаман болса, онан жақсы үй шықпайды. Сол сияқты тілдің дыбысы жаман болса, дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас. Бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды. Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде... Дыбыстың, сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады». Айтушы ойын өзі үшін емес, өзгелер үшін, өз ойын объективтік шындыққа айналдыру, шығармашылық ойын жүзеге асыру, адам және қоршаған орта туралы ой-толғаныстары мен білімдерін жеткізу мақсатында айтады. Сол арқылы автор санасындағы дүниелер өзге адамдардың, тұтас қоғамның құндылығына айналады. Жеке санаға қатысты терең психологизм мен философия, дүниетаным мен танымдық әрекет және ойлау, сөйлеу стилі мәтінге өзінің қайталанбас ізін қалдырып отырады. «Көркем әдебиет өнер туындысы болғандықтан, оның тілі сол өнердің құралы, «материалы» ретінде қаралып, ол да өнер, демек, шеберлік тұрғысынан сөз болуы қажет» (Р.Сыздық). Мәтіннің семантикалық, құрылымдық және қатысымдық сапалары автордың көркемдік идеясына, эстетикасына бағына ұйымдасып, мәтінді кешенді талдаудың негізіне алынады.

Көркем шығарма қатысымдық тұрғыдан келесі компоненттердің қатысуымен ұйымдасады:

1. Әдеби туындының авторы мен туындының мәтіні және оны қабылдаушы оқырманның болуы. Көркем шығарма осы үштік одақтың үйлесімділігінен тұрады.

2. Жеткізуші алдын-ала кодтаған мәтіннің таңбалануы және оның қабылдаушы санасында қайта кодталуы (декодталу).

3. Таңбалардың шарттылығы, яғни шынайы өмірді өнерде бейнелеу ұстанымы және оның көркем шығармаға тән дәстүр бойынша берілуі.

Соңғы екі шарт оқырманның шығарма тілін, түсініп, оған өзіндік талдау, пайымдаулар жасауына мүмкіндік береді.

Әдебиеттің обьектісі өмір, предметі адам болғандықтан да, көркем мәтін адамнан тыс бола алмайды. Гуманитарлық ғылымдардың ішінде әдебиет бұл «жансыз зат туралы емес, өзіндік ерекшелігі бар адам туралы ғылым... ал адамның ерекшелігі – ол әрқашан өзін-өзі контексте танытады (сөйлеу арқылы), яғни ол мәтін түзеді... Әрбір шынайы көркем мәтін әрқашан белгілі бір деңгейдегі жеке адамның еркін танылуы (откровение)» [3,116]. Ендеше әрбір мәтіннің артында адам тұрады. Сол себепті де М.Горький әдебиетті «адамтану» туралы ғылым деп бағалғаны мәлім. Адам қаншалықты күрделі болса, мәтінді талдау да, тану да соншалықты көп қырлы болып келеді. Бүгінде мәтінді зерттеудің тілдік, мәтіндік, антропоцентристік, когнитивтік негіздері қалыптасты.

Мәтінді тілдік талдау басқа талдау түрлеріне қарағанда ғылыми әдебиеттерде көбірек қарастырылған. Тілдік талдаудың логикасы тіл бірліктері мен категорияларының қызметіне негізделеді. Ол әдетте стилистика, көркем сөз поэтикасында кеңінен қолданылып, лексикалық, фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық бірліктер мен категориялардың қызметін талдауға құрылады. Мәселен, белгілі ғалым Р.Сыздықтың Абай шығармаларының

тілін зерттеуге арналған еңбектері, Ф.Мұсабекованың, М.Серғалиевтің еңбектері осы бағыттағы тілдік талдауға негізделген. Сонымен қатар, соңғы кездерде жеке авторлардың идиостилін зерттеуге құрылған Г.Сәрсеке, Л. Мақұлова, Г.Әбікенова, К.Еңсебаева, Ж.Б. Саткеновалардың еңбектерінде тілдік талдау ең негізгі талдау түрі ретінде қолданылған. Дара стильді зерттеуге құрылған еңбектерде жекелеген сөз таптары мен сөз дыбыстарының, сөз тіркестері мен сөйлем түрлерінің, оқшау сөздердің көркем мәтіндегі қызметі сөз болды. Мәтіннің конструктивтік идеясы мәтіндегі сөздердің ұйымдасуынан, құралу ерекшелігінен байқалады. Осылайша тілдің қызметі, тіл құралдарының нақты мәтін ішіндегі қызметі мәселесін шешуге қол жеткізуге болады. Мәтінде неліктен басқа емес, нақ осы сөз, осы синтаксистік құрылым қолданылған; нақ осы ойды жеткізу үшін неліктен осы сөздер қажет болды және осылайша ұйымдасты деген сұрақтарға жауап бергенде ғана мәтінді толық түсіну жүзеге асады [4,9]. Бұл бағыттағы зерттеулердің басты ерекшелігі – нақты тіл бірлігінің функционалдық қызмет сапасын анықтап, белгілі бір жазушының, ақынның сөз қолданудағы дара стилін зерделеуге мүмкіндік берді. Мұндай функционалдық-стилистикалық зерттеулер функционалды лингвистикамен бірге, функционалды стилистиканың да қалыптасуына ықпал етті. Мәтін лингвистикасы тұрғысынан келгенде, мұндай зерттеулер тіл бірліктерінің мәтін ішіндегі қызметі мен рөлін, семантикасын толық ашуға мүмкіндік бермегендіктен, тіл бірліктерінің мәтін жасауға қатысы назардан тыс қалып қойды.

Мәтін қандай да бір шығармашылық үдерістің нәтижесі, жемісі болғандықтан оны кешенді зерттеу неғұрлым пайдалы болмақ. талдау жекелеген тілдік тұлғаларды табу, анықтау тұрғысынан емес, ол олардың байланыстарын, қарым-қатынастарын ашу тұрғысынан жүргізіледі... сондықтан текстің құрылымдық-композициялық негізін құрап, оны ұйымдастыратын тәсілдерді зерттеу маңызды…. текстің жалпы құрылымдық ерекшеліктерін зерттей келіп, ол ерекшеліктерді мазмұндық ұғым-категориялармен (тақырып, идея) байланыста алып, әрбір нақтылы текске олардың қарым-қатынастарының қандай болатынын ашу керек» [5,3]. Г.А. Золотова, Н.А.Кожевникова, И.И.Ковтуновтардың зерттеулерінде мәтін құрылымдық-семантикалық тұтастық ретінде қарастырылғанмен, мәтіннің семантикасы мен грамматикасы шартты түрде екі бөлек алынады. Сол сияқты И.Р.Гальпериннің, Е.А. Гончарованың, В.А. Кухаренконың, Б.Шалабай, Х.Кәрімов, Е.Жанпейісов т.б. зерттеулерінде мәтін төменнен жоғары бірліктердің жеке дара жиынтығы ретінде емес, сөйлеудің әмбебап түрі ретінде қарастырылады.

Антропоцентристік зерттеу мәтіннің жасалуы және оның әсері, автор мен оқырмен позициясы тұрғысынан аса маңызды. Ол іштей бірнеше бағытта қарастырылады:

-психолингистикалық (Л.С.Выготский, М.М.Мұқанов, Т.М.Дридзе, А.А.Леонтьев, И.А.Зимняя, Н.И.Жинкин, А.Р.Лурия, Л.В.Сахарный, А.М.Шахнарович т.б.);

-прагматикалық (А.Н.Баранов, Г.Әзімжанова);

-қатысымдық (Г.А.Золотова, Н.С.Болотнова);

-жанрлық-стильдік (М.М.Бахтин, М.Н.Кожина т.б.);

-когнитивтік-концептуалдық (Ю.А. Сорокин, Е.С. Яковлева, Е.С. Кубрякова, В.Н. Телия, А. Вежбицкая, А.П. Бабушкин, С.А. Аскольдов, А.Н. Баранов, Д.О. Добровольский, Н.Д. Арутюнова, Н.Н. Болдырев, Э.Д. Папова, И.А. Стернин, Ю.Н. Караулов, В.А. Маслова А.В.Лосев, Қ.Жаманбаева, Ж.Б.Саткенова, Ш.М.Елемесова т.б.).

Көркем мәтінді лингвистикалық талдау прозалық және поэтикалық туындылардың жанрлық табиғатын да ескеріп, мәтінтануда олардың ішкі ерекшеліктерін басшылыққа алуды қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қордабаев Т. Қалиев Ғ. Жалпы тіл білімі. А.: Дәуір, 2004. 240б.

2. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 463б.

3. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. // Сб. избр. трудов. – М.: Искусство, 1986. – 444с.

4. Бобылев Б.Г. Стилистический анализ художественного и публицистического текста. –Алматы: Мектеп, 1987. – 120с.

5. Шалабаев Б. Көркем шығарма тілі және оны мектепте оқыту. – Алматы, 1982. – 100б.

УДК 378.016:070

РОЛЬ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН В ЖУРНАЛИСТСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

Химич С.М. - ст. преподаватель кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова

Түйін

Мақалада журналистік білімнін филологиялық негіздеріне байланысты мәселелер қарастырылады. БАҚ мәтіндерінде тілдік құралдарды қолдану және олардың мақала мазмұны мен оқырмандардын қабылдау әсерінің сарантамасы өткізіледі.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы филологической составляющей журналистского образования. Проводится анализ употребления языковых средств в текстах СМИ и их влияние на содержание публикаций и восприятие читателями.

Summary

The philological issues of journalist' training are considered in the article. The author of the article analyses the language of mass media texts and influence of the language means on the contents of the published works and readers' perception.

Нынешнее время требует от нас подготовки молодых специалистов с хорошим знанием основ экономики, менеджмента и маркетинга, но журналист - это, в первую очередь, творческая личность, которая должна в совершенстве владеть языковыми и литературоведческими знаниями, успешно применять их в практической деятельности, свободно ими оперировать в устной речи.

Поэтому в обучении будущих журналистов необходимо уделять большое внимание изучению и использованию языковых и стилистических средств, знание которых пригодятся студентам в практической деятельности.

Несмотря на то, что с недавних пор журналистику стали относить к социальным наукам и бизнесу и что, в связи с переходом с пятилетнего на четырехлетнее образование, из обязательного компонента исчезли такие дисциплины, как современный русский (казахский) язык, литературоведение и ряд других дисциплин гуманитарного цикла, - это не означает, что меньше внимания при обучении уделяется гуманитарной составляющей журналистского образования.

Язык – самое великое творение человека. Это важнейшее средство общения, с помощью которого мы формируем и выражаем человеческую мысль. Владение богатствами языка – важный показатель культурного уровня любого человека [1, с.15]. Бесспорно, это умение особенно важно и даже необходимо для журналиста.

Публицистику нельзя назвать высокой литературой. Оперативность и злободневность не позволяет, как говорил Маяковский, «единого слова ради изрыть тысячи тонн словесной руды». В таких случаях хорошо воспользоваться готовыми средствами художественной выразительности, которыми так богат наш язык. Не нужно каждый раз изобретать колесо. Если до тебя кто-то уже хорошо сказал, почему бы не повторить? К таким средствам художественной выразительности относится фразеология.

Фразеологические выражения – это одно из самых сильных средств художественно-эмоциональной выразительности языка. Писатели, публицисты и корреспонденты не только

печатных СМИ, но и электронных используют фразеологию не только в том виде, как она существует в языке, но и в измененном виде, обновляя семантику, структуру и экспрессивно-стилистические свойства фразеологических оборотов. Создаются новые смысловые оттенки, появляется новое художественное качество фразеологизмов, обогащаются связи слов. Использование фразеологических выражений помогает публицистам выполнять призыв: «Коль хочешь говорить, скажи, но кратко, чтоб в каждом слове смысл был десятка». В некоторых случаях журналисты не просто используют какую-либо цитату, крылатое выражение или афоризм, но и кратко излагают содержание того произведения, из которого они возникли, а иногда приводят небольшие отрывки из него, так как ставшая крылатой литературная цитата «бывает внушительна и выразительна не меткостью, афористичностью, а характерностью – на фоне представления того целого, из которого она извлечена» [2, с.73] В этом случае цитата как бы замещает или концентрирует сложный образ, воплощенный в художественном произведении.

Журналисты прибегают к этому, когда одна глухая ссыка на литературное произведение не может объяснить сложный образ широкому кругу читателей и последние в таком случае были бы поставлены перед дилеммой: пожать недоуменно плечами или обратиться непосредственно к упомянутому произведению, то есть к первоисточнику. Но так как публицистика рассчитана на массовую аудиторию и предназначена для людей с самым разным уровнем интеллектуального и духовного развития, то чаще всего используются такие выражения, которые понятны и без дополнительных комментариев. У каждого материала есть свой читатель. Поэтому выбранная тема требует своего подхода. Особенно в отборе языковых средств. То есть, если афоризм уместен в одной статье, в другой статье он будет выглядеть нелепо, претенциозно.

Отточенностью пера, метафоричностью и точностью языка, где каждый фразеологизм, афоризм, цитата бьют прямо в цель, характеризуются статьи журналиста областного еженедельника «Наша газета» Тимура Гафурова. Это «кандидаты в желтый дом, обещанный «западный рай» и мастерски использованная в качестве эпиграфа поэтическая строчка Влвдимира Высоцкого «Настоящих буйных мало, вот и нету вожаков». Подбор данных художественных средств помогает как нельзя лучше раскрыть тему статьи с многозначительным заголовком «Страсть к власти». Образное метафорическое выражение в начале статьи посвящено именно обоснованию темы. В данном случае читатель может понять её важность и причины, побудившие автора взяться за неё.

Меткие речения, афоризмы, мудрые мысли великих людей встречаются на страницах газет и журналов не только в материалах профессиональных журналистов, но и публикациях других авторов. К примеру, у профессора Костанайского государственного университета Юрия Яковлевтча Бондаренко, который публикается на страницах «Нашей газеты», поистине, что ни слово, то «цицерон с языка слетел». В одной только статье «Для чего нам история», размером примерно, в сто пятьдесят строк, он использует меткие образные выражения четыре раза. Это «обратная сторона медали», «истина в последней инстанции», «вопрос вопросов», «дела давно минувших дней». Такой подбор выражений широкого спектра показывает эрудицию, интеллект автора, умение отстаивать взгляды, стремление иметь собственные суждения по всякому поводу. Юрий Яковлевич – один из тех «отечества отцов, которых» молодые журналисты «должны принять за образцы».

Подбор ярких выражений зависит и от манеры подачи материала, присущей каждому журналисту. Уже говорилось, что содержание и форма должны быть едины, то есть выбранные автором средства языка и письма позволяют подчеркивать и оттенять его замысел и основные идеи, внушить читателю те мысли и чувства, на которые он рассчитывал. В газете «Костанайские новости» на полосе «Экономика и мы» статья корреспондента Тимура Туркестанова информировала о том, что «на территории бывших гигантов Костанайской промышленности ликеро-водочного и фарфорового заводов сегодня кого только нет, кроме самих костанайцев». Известный афоризм «было наше, стало ваше», творчески использованный автором в качестве заголовка «Было наше, стало...», как нельзя

лучше передает не только суть проблемы, но и личное авторское отношение, которому «за державу обидно».

В каждом обществе, культурно-языковой среде пресса имеет свои стандарты и традиции. Традиционно для современной публицистики использование гигантских информационных ресурсов фразеологических выражений, где легко можно найти альтернативный способ сказать о главном [3, с.116] .

Перед журналистами сегодня стоят разные задачи, но цель у всех одна – доступно донести до массового читателя, зрителя информацию о жизни, стране, мире, способствовать консолидации общества, утверждать извечные человеческие ценности – добро и справедливость, наконец, обеспечить людей достойным досугом, то есть цели могут быть разными: развлекать, информировать, убеждать, призывать к действию и так далее. Возможно сочетание целей, но журналист должен знать, какая установка центральная, и в соответствии с этим строить свою речь. Но может возникнуть вопрос: «Каким образом и как фразеологические выражения могут способствовать консолидации общества?» На самом деле это действительно происходит. Не секрет, что многие люди старшего поколения или с низким образовательным цензом не смотрят программы, не читают статьи и корреспонденции, изобилующие непонятными словами иностранного происхождения. Поэтому они увлечены сериалами, сочувствуя утрированным страданиям картинных героев. А в прессе читают советы огородников, рецепты народной медицины и скандальные публикации в изданиях, отдающих «желтизной». И в этом не вина, а беда их, людей, которые отстали от своего времени, для которых язык многих публикаций звучит как иностранный. Совсем другое дело, когда журналисты опираются на живую речь, меткие изречения, крылатые выражения. Кому непонятны выражения «держать порох сухим», «жребий брошен» или «любовный треугольник»? И стар и млад правильно поймет корреспондентов газеты «Костанайские новости» Аслана Кудабаева, который говорит о том, что рыбинспекторы «вышли на тропу войны» с браконьерами и Татьяну Хлопянникову, поздравляющую коллегу, живущего по принципу «после себя оставить добрый след».

Одно из главных требований к публицистическому тексту – это понятная, доступная и естественная для адресата лексика, которую использует журналист. При создании информации журналист должен учитывать эмоциональный опыт аудитории, уровень знаний и её «код культуры» - не только исторические факты, образы, но и все, что относится к языковым и стилистическим средствам выражения.

Таким образом, обучая студентов использованию богатых средств фразеологии в будущей журналистской деятельности, тем самым учим их создавать тексты СМИ, которые сближают людей, сглаживая разрыв между поколениями, делая максимально доступным и понятным любое произведение публицистического жанра.

Литература:

1. Шанский Н.М. Фразеология современного русского языка. – М., 2001.
2. Новиков Л.А. Искусство слова. – М., 1991.
3. Розенталь Д.Э. Практическая стилистика русского языка. – М., 1999.

УДК 82: 811.512.122

«ТІЛ ҚҰРАЛЫ» ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНА ТІЛІНДЕГІ БАСТАМАСЫ

Алиева Д.А. - Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы

Аннотация

В данной статье рассматривается учебное пособие А.Байтурсынова «Тіл құрал». Автор анализирует определений ученого о фонетике, морфологии, синтаксисе казахского языкознания.

Summary

In the given article A.Baitursynova's training aids are presented. The author analyzes definitions of phonetics, morphology, syntax of the Kazakh language.

Ахмет Байтұрсынұлының өзі көшбасшы болған тіл білімінде ғана емес, күллі түркологиялық әлемде атақ-абырой әперген – ондаған рет басылған «Тіл құрал» атты кітабы болды. «Тіл құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын», - деп өзі жазғандай, «Дыбыс жүйесі» (Фонетика), «Сөз жүйесі» (Морфология) және «Сөйлем жүйесі» (Синтаксис) атты үш кітаптан құралған осы тұңғыш грамматикасында қазақ ана тілінде алғаш рет ғылыми жүйеге түсіріп, әсіресе төл грамматикалық терминдерді қалыптастырғанын баса айтқан жөн. Басқасын былай қойғанда, тек зат есім, сын есім, сан есім, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, сөз таптары, сөйлем мүшелері, дыбыс, әріп, дауысты, дауыссыз т.б. ондаған, тіпті жүздеген өміршең терминдерді тіліміз бен ғылымымызға әкеліп орнықтырғаны үшін ғана Ахмет Байтұрсынұлы есімі қазақ мәдениеті мен ғылымының тарихына алтын әріппен жазылуы тиіс.

А.Байтұрсынұлы балаларға сауат аштыруды дыбыс жүйесі мен түрлерінен бастайды. Яғни, әріптердің таңбалануы, олардың дыбысталуы, сөйлеу һәм сөйлем, сөйлем һәм сөз, сөз һәм буындар, буын һәм дыбыс, жазу қағидалары, сөз тұлғалары, жұрнақтар туралы қысқаша мағлұмат береді.

1914 жылғы «Тіл-құрал» - 1922 жылы Ташкент қаласынан «Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы)» деген атпен қайта басылып шығады. Бірақ, мұнда «III. Сан есім» деген тараудан кейінгі беттері түпнұсқада сақталынбаған. Ал біздің қолымызға тигені бұл оқулықтың тек 1925 жылы «Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. 1-ші тіл танытқыш кітап» деген атпен бесінші рет толықтырылып, қайта басылған нұсқасы. (Бұл - 1925 жылы Қызылорда қаласынан «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» деген атпен жарық көрген үшінші жылдық оқулықтан басқа).

Екінші жылдық оқулық «Тіл-құрал. Қазақ тілінің сарфы. 2-ші жылдық» деген атпен 1915 жылы Орынбор қаласынан басылып шықты. Мұнда автор сөз жүйесі мен түрлерін оқытуды қолға алады. Бұл - кейіннен 1922 жылы Ташкент қаласынан қайта жарық көрген.

Үшінші жылдық оқулық 1925 жылы Қызылорда қаласынан «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» деген атаумен жарық көреді. 1925 жылғы «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Ш-ші тіл танытқыш кітап» атты оқулығы 1927 жылы Қызылорда қаласынан осы атпен толықтырылып, қайта басылып шықты.

А.Байтұрсынұлының араб әрпінде (төте жазу) әр жылдары толықтырылып, өзгертіліп, қайтадан жарық көріп отырған осы — «Тіл-құрал» оқулығы 1992 жылғы «Ана тілі» баспасынан «Тіл тағылымы» (құрастырушылар - Ғарифолла Әнесов, Аманқос Мектепов) деген атпен жарық көрді. Жинақта А.Байтұрсынұлының тек 1914, 1925, 1915, 1925 (бұл басқа оқулық) жылдары жарық көрген «Тіл-құрал» оқулығының нұсқалары берілген. Бұл туралы жинақтың алғы сөзінде: «А.Байтұрсынов оқулықтарының бірнеше басылымы (кейбірі 6-7 реттен) болғаны мәлім. Мұнда бұлардың бір басылымы ғана ұсынылды. «Тіл-құралы» мен «Тіл-жұмсардың», «Баяншы» мен «Сауат ашқыштың» барлық жылдардағы басылымдары қолымызға түспегендіктен, олардың арасындағы айырмашылықтар көрсетілген жоқ. Бұл — арнайы жүргізілетін келешектің ісі» деп, келер істің ауқымын көрсеткен екен. Сондықтан қолымызға түскен «Тіл-құрал» оқулығы түпнұсқаларымен салыстырып, ұсынылып отыр.

«Тіл тағылымы» жинағында берілген «Тіл-құрал» (1914, 1915, 1925, 1925) оқулықтарымен, осы жинаққа енбеген, 1922, 1922, 1927 жылғы оқулықтардың түпнұсқасы қарастырылып, салыстырылды.

Аталған жылдардағы оқулықтарды салыстыру барысында 1922 жылы Ташкент қаласынан бірінші және екінші жылдық оқу құралдары алдыңғы жарық көрген 1914 және 1915 жылғы басылымдардың қайталанған нұсқасы екендігі айқындалды.

А.Байтұрсынұлының әр жылдары қайта-қайта жарық көріп отырған «Тіл-құрал» оқулығының алдыңғы жарық көрген нұсқаларын түпнұсқасымен, ал қайта жарық көрмеген нұсқаларының түпнұсқалары (қолда барларының) қарастырылып, алдыңғы оқулықтардан айырмашылықтары салыстырылып анықталды.

Төменде осы оқулықтардың түпнұсқасымен және қайта басылып шыққан жылдардағы басылымдарымен салыстыруларды ұсынамыз.

Қазақ тіліндегі дыбыстар: олардың таңбалары.

«Тіл тағылымында» «Дыбыстар қандай түрге бөлініп, қалай аталса, олардың таңбалары да солай бөлініп, солай айтылады» деген сөйлем берілген. Бұл сөйлем түпнұсқада кездеспейді.

Жұрнақтар.

Түпнұсқадағы: «-ма» жұрнақ түбір оздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса...» (26-бет) деген сөйлемдегі «я жарты дауысты» деген тіркес «Тіл тағылымында» (189-бет) кездеспейді. Түпнұсқа бойынша берілді.

Есімдік.

Тұпнұсқадағы: «Төмендегі сөздердің ішіндегі есімдік сөздерді айырту» (31-бет) деген сөйлемдегі «айырту» сөзі «Тіл тағылымында»: «ажырату» (193-бет) болып өзгеріс тапқан. Түпнұсқадағы қалпына келтірілді.

Атауыш сөздер. Сын есім.

Түпнұсқадағы: «бай қазақ» (29-бет) деген сөз тіркесі «Тіл тағылымында»; «жай қазақ» (191-бет) деп жазылған. Түпнұсқадағы: «баладей» деген сөз «Тіл тағылымында»: «баладай» деп берілген. Түпнұсқада: «жоқ» деген сөз берілмеген. Ал, «Тіл тағылымында»: «жоқ» деп сөз қосылған. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

Шылау сөздер. I. **Үстеу**.

Түпнұсқадағы «...бірақ, оның қайда кеткендігі, менің қайда келгендігім...» (34-бет) деген сөйлемдегі «келгендігім» сөзі «Тіл тағылымында»: «кеткендігім» (194-бет) болып қате берілген. Түпнұсқа бойынша берілді.

II. **Демеу.**

Түпнұсқадағы: «Болмаса жемнен қысып сақтадым ба?» деген сөйлемнен кейін келетін «...әйтпесе әбзелдерің сәнді емес пе?» (36-бет) деген сөйлем «Тіл тағылымында» (194-бет) кездеспейді. Түпнұсқа қалпына келтірілді.

1. Тіл-құрал (қазак тілінің сарфы, бірінші жылдык, Орынбор, 1914 ж.)

2. Тіл-құрал (дыбыс жүйесі мен түрлері. I-ші тіл танытқыш кітап, қазақ-қырғыз білімпаздарының 1-інші тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 5-інші басылуы, Қызыл-Орда, 1925 ж.)

1914 жылғы «Тіл-құрал» оқулығы толықтырылып, 1925 жылы Қызыл-Орда қаласынан «Тіл-құрал (дыбыс жүйесі мен түрлері) I-ші тіл танытқыш кітап)» деген атаумен қайтадан жарық көргені мәлім. Төменде екі басылымдағы салыстырулар беріледі.

Оқулық А.Байтұрсынұлының алғы сөзімен басталады. Бірақ, автор бұл алғы сөзде 1914 жылғы басылыммен салыстырғанда өзгертулер, толықтырулар енгізген.

А.Байтұрсынұлы 1914 жылғы оқулықта көбіне грамматикалық атауларды араб грамматикасында қалыптасқан атаулармен берсе, 1925 жылғы оқулықта тек қазақша баламаларын қолданған.

Алғы сөзде (1914 ж.): «...халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады» деген сөйлемдегі «хәттә» — араб сөзі, «тіпті» деген мағынаға саяды. Ал, 1925 жылғы басылымда бұл сөз «қатта» болып өзгеріс тапқан. Осы сөйлемнен кейінгі (1914 ж.): «Біздің жасынан орысша я, ноғайша оқыған бауырларымыз ...» деген сөйлемдегі «я» шылауы 1925 жылғы басылымда «не» деп берілген. «Иа» — араб сөзі, «не, немесе» деген мағына береді.

Сондай-ақ, 1914 жылғы оқулықтағы: «... олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін...» деп басталатын сөйлемдегі «қағида» сөзі 1925 жылғы басылымда берілмейді. Тек «... олардың ішінен ережеге келетін жерлерін...» болып қысқартылған. Себебі, «қағида» — араб грамматикасында «ереже» дегенді білдіреді.

Сондай-ақ, «Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің наху. сарфы үйретілерге керек» (Орынбор, 1914) деп мағлұмдаса, кейінгі басылымда «Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс. сөз. сөйлем жүйелерін үйрету керек» (Қызылорда, 1925) деп таза қазақы атаулармен берген. Яғни, наху, сарф — араб сөздері, наху — грамматика, сарф — морфология деген мағына береді. Ал, А.Байтұрсынұлы 1925 жылғы оқулықта грамматиканы — дыбыс, сөз, морфологияны — сөйлем жүйесі деп, қазақша баламасын ұсынған.

«Тіл-құрал» аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені, бұл қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша ҳом орысша наху, сарф үйрендендерге жат көрінгенмен түсініксіз болмас. Араб ҳом орыс наху, сарфларында оқытылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана. Онда арабша иа орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда қылатын заты бір, аты басқа» деген түсініктеме 1925 жылғы оқулықта берілмеген. Бұл туралы 1992 жылғы «Тіл тағылымының» алғы сөзінде: «1914-1925 жылдар аралығында «Тіл-құралдың» аты да, заты да қазақ жұртшылығына жат көрінбек түгіл, етене жақын, баршаға мәлім дүние болып кеткенді» деп түсіндіреді.

1925 жылғы оқулықта қазақ тілінің грамматикасын үйретуде бір жүйеге түсірілгендік байқалады. Мысалы: «Бастауыш мектепте балаларға тіл таныту үш тарау болып бөлінеді: 1) Дыбыс жүйесі мен түрлері. 2) Сөз жүйесі мен түрлері. 3) Сөйлем жүйесі мен түрлері» деп арнайы үш топқа бөліп алып, осы тараулар бойынша жеке-жеке дәріс өткізілген. Мұндай нақты жүйе 1914 жылғы оқулықта кездеспейді.

Сондай-ақ, 1914 жылғы оқулықтағы: «Сөз мүшелері», «Сөйлеу ҳәм сөйлем», «Сөйлем ҳәм сөз», «Сөз ҳәм буындар», «Буын ҳәм дыбыс», «Қазақ сөзіндегі дыбыстар ҳәм олардың харіфтері», «Жазу қағидалары» деген тақырып атаулары 1925 жылғы басылымда: «Тіл мүшелері», «Сөйлеу мен сөйлем», «Сөйлем мен сөз», «Сөз бен буындар», «Буын мен дыбыс», «Қазақ тіліндегі дыбыстар: олардың таңбалары» болып өзгеріске түскен. Сондай-ақ, 1925 жылғы оқулықта «Жазу қағидалары» деген тақырыпша кездеспейді.

Қазақ сөзіндегі дыбыстар ҳәм олардың харіфтері 1914 жылғы басылымда «...дыбыстар дауысты, дауыссыз, ҳәм жарты дауысты (орта дыбыс) болады» деп, дауысты дыбыстарға «а, о, у, ы, и, е» дыбыстарын жатқызса, дауыссыз дыбыстарды екіге бөліп: «қатаң, ұяң» деп береді де, олардың таңбалануын «харіф» деп атайды.

Қатаң харіфтерге: *б, п, т, д, ш, с, г, қ, к, г*-лерді жатқызса, ұяң харіфтерге: *ж, р, з, л, м, н*, -дарды алған. Ұяң дыбыстардың өзін ішінен: ымыралы, ымырасыз деп бөлген.

Ымыралы харіфтер: *ж, р, з, л.*

Ымырасыз харіфтер: *м, п, ң* деп көрсетеді.

Жарты (немесе орта дыбыс) дауыстылар деп «*у* мен *й*»-ді атайды.

Ал, 1925 жылғы «Тіл-құралда» жарты дауысты дыбыстарды дауыссыз дыбыстардың ішінен бөліп шығарады. «Дауысты дыбыстар турлы қасиеттеріне қарай өзара бірнеше түрге бөлінеді» деп, оларды жарты, қатаң, ұяң деп атайды да, «харіф»-ті, енді «таңба» деп атайды.

1. Жарты дауысты дыбыстар: *р, л, у, и.*

2. Қатаң дыбыстар: *б, п, т, с, ш, қ, к.*

3. Ұяң дыбыстар: *м,н, ң.*

Ал, ымыралы дыбыстарға: *ж, з.* Ымыралы дыбыстарға: *д, г* -ні жатқызады.

1914 жылғы оқулықта «Жазу қағидалары» деген тақырыпша берілген. Мұнда «*а, о, у, у, ы, й, е, қ, г»* дыбыстарының жазылу ережелерімен таныстыра отырып, осы дыбыстардың қай жерде қалай жазылатындығы, дыбысталғанда басқа, жазылғанда басқа болатын

дыбыстардың жазылу үлгілерімен таныстырылып, осы қағидаға байланысты арнайы тапсырмалар берілген. Ал, мұндай түсіндірмелі ереже 1925 жылғы оқулықта кездеспейді.

Сөз жазылуының жалпы ережелері

1914 жылғы оқулық бойынша сөз жазылуының ережелерін 5 түрге бөліп қарастырса, 1925 жылғы оқулықта оны 8 түрге бөлген.

1914 жылғы оқулықта:

1. «hәр түбір сөз hәм туынды сөз жұрнақтарымен, жалғауларымен бірге, тұтас жазылады, бірақ үзетін харіфтер келген жерде үзіледі (үзетін харіфтер: а, д, з, р, о, ү, е).

2. Қос сөздердің арасы сызықша (-) мен айырылып жазылады (аяқ-табақ, киім-кешек).

3. Қосалқы сөз бөлек жазылады.

4. Жұрнақтар барша сөзге қосылып жазылады. Жұрнақ ішіндегі дүдәмал естілетін дыбыстар естілген қалыпша жазылады.

5. Жалғаулар. Түбір сөзге де туынды сөзге де қосылып жазылады.

1925 жылғы оқулықта:

1. «Әр түбір сөз, туынды сөз жұрнақтарымен, жалғауларымен бірге, тұтас жазылады, бірақ үзілетін қаріптер келген жерде үзіледі (үзілетін қаріптер: а, д, з, р, о, ү, е).

2. Жалпылағыш қос сөздердің арасы дәйім сызықша (-) мен айырылып жазылады.

3. Жалқылағыш қос сөздердің арасы сызықшамен (-) айырылып та, айрылмай да жазылады.

4. Сөз артынан жалғанатын демеулер алдындағы сөзбен сызықшасыз бөлек жазылады, ондай демеулер түбір сөз бен жалғаудың арасында айтылатын болғанда түбір сөзге сызықшамен жалғанып жалғаумен бірге жазылады.

5. Үндестік заңына келмейтін «-гер», «-дікі», «-паз» сықылды жұрнақтар түбір сөзге қосылып жазылады.

6. Қосалқы «-ма», «-ба»-лардан «еді», «екен» деген сөздер бөлек жазылады.

7. Жұрнақтар барша сөзге қосылып жазылады, жұрнақ ішіндегі дыбыстар естілу қалыбынша жазылады.

8. Жалғаулар түбір сөзге де, туынды сөзге де қосылып жазылады.

1914 жылғы оқулықтың соңында «Мұғалімдер үшін баяндама» атты мақала берілген. Мұнда А.Байтұрсынұлы жаңадан сауат ашқалы отырған жастарға қазақ тілінің грамматикасын түсіндірудегі туындайтын қиыншылықтарды көрсете отырып, сөйлем басында, ортасында, аяғында әр түрлі таңбаланатын әріптерді бір-бірінен қалай ажырату керектігі, оны қарапайым түрде қалай түсіндіру жолдары туралы жан-жақты баяндайды. Ал, 1925 жылғы оқулықта мұндай тақырыпша берілмеген, Бұл -1914-1925 жыл аралығында қазақ тілінің грамматикасының толық қалыптасып, бір жүйеге түскендігін, оқытушыларға түсіндіру барысында қиындық тумағандығын аңғартады.

А.Байтұрсынұлы «Тіл—құрал» атты еңбектерін (1914, 1915, 1925 ж.) әрі әдістемелік, әрі теориялық күрделі мәселе — қазақ тілінен берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтауға арнайды. А.Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» еңбектеріндегі бірінші тіл танытқыш та күрделі ғылыми-әдістемелік мәселелерді көтере отырып, қазақ тілінен білім берудің мазмұны мен көлемін нақтылаған.

Сол кездің өзінде-ақ өз бағасын алған бұл еңбектің қазақ қауымы үшін мәні зор еді. Мұны замандастары айтқан пікірден-ақ көруге болады: «Қазақ тілін сақтаймыз, балаларымызды қазақша шыққан кітаптармен оқытамыз hәм әдебиетіміз шын қазақша болсын дегенде, бұлардың бірінің негізі «Тіл құрал» (наху-сарф) екенін ұмытпасқа керек. Бұл біздің оқу құралдарымыздың ең қиын, ең керекті мүшесі еді, міне, бұ да көңілдегідей болып шықты» («Қазақ», 1915, 4 январь, №93).

«Тіл құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазақ тілі атты ғылым саласының /қазіргі уақыттағы/ іргетасы болып қаланды.

1925 жылғы «Тіл - құрал» атты еңбекке қорыту бөлімі қосылған. Онда сөз тұлғасына қарай 5-ке бөлінеді, ал сөз таптарына карай 9-ға бөлінеді. Бұл еңбектің ең үлкен ерекшелігі тіл бірліктерінің қасиеттерін әрі лингвистикалық, әрі әдістемелік қызметте пайдалануды

дәріптейді. Тақырыптардың, тармақтардың аттарының көпшілігі таза лингвистикалық болғанымен, олардың ішкі сипаты оқыту процесіне сай баяндалған.

«Оқу құралы» арқылы балаларды сауаттандырып алғаннан кейін, қазақ тілін жеке пән ретінде оқытудың құралын ойластыра бастайды. Бірнеше бөлімнен тұратын бұл оқулықтың әр бөлігі жеке-жеке «Тіл құралы» деген атпен жариялана бастайды. 1914 жылы морфологияға арналған II бөлімі, 1915 жылы фонетикаға арналған I бөлімі, содан кейін синтаксиске байланысты III бөлімі жұртшылыққа ұсынылады. Бұлардың қай-қайсысы да кемінде 6-7 рет баспа жүзін көрген.

Қорыта келгенде, жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білуде тарихымызда «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Кезінде қазақ қауымы Ахмет Байтұрсынұлы десе, «Тіл құралды», «Тіл құрал» десе – Байтұрсынұлын – Ахметті – Аханды танитын болған.

Әрине, оқулықты олқылықсыз деп те айтпаймыз. Бірақ ол автордың қателігі емес, оны сол кездегі әлі буыны қатпаған әдебиетіміздегі ірілі-уақтылы көзқарастардың сұрыпталуынан деп есептейміз.

Бұл оқулық синтаксис, морфология саласы бойынша қазір де студенттермен аспиранттарға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен мектеп мұғалімдеріне мол мағлұмат беруде.

А.Байтұрсынұлының үні ешқашан өшпейді, ол артына өшпейтін із қалдырған жан. Ал оның «Тіл-құралы» ұлты қазақ әр мектеп оқушысының қолында жүретін оқулығы болуы керек.

Әдебиеттер:

1. А. Байтұрсынов Тіл тағлымы. Алматы. Ана тілі 1992 ж.
2. А. Байтұрсынов Әліп-би. Қызылорда. 1926 ж
3. Р Сыздықова Ахмет Байтұрсынов А 1991 ж
4. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы. – 1999. – 18 б;
5. Шәріпов Ә., Дәуітов С. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. – 1989.- 9-38 б.б.
6. Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова Сан қырлы саңлақ дарын. Соц. Қазақстан 1989 ж.
7. Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова Ұлт мәдениетінің Хантәңірі. Егемен Қаз. 1993ж. № 3.
8. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика: педагог.ғ.к. автореферат. п.ғ.к. – Алматы, 1995. – 13 б; Сақов Қ. «Қазақ» газетіндегі ұлттық-саяси мәселелердің жазылуы: филол.ғ.к. автореферат. – Алматы. - 2000. – 12б.

УДК 801.81

ИЗУЧЕНИЕ КОНЦЕПТУАЛЬНОГО ПОЛЯ ОЦЕНКИ НА МАТЕРИАЛЕ РУССКОГО ФОЛЬКЛОРА

Савойская Н.П. - ???Костанайский государственный университет им. А.Байтурсынова

Түйін

Мақала бағалау концептіне, жататын сөздердің семантикасын зерттеу проблемасына арналған. Зерттеу фольклор материалында өткізілді, өйткені онда халықтың рухани және материалдық құндылықтары өте жақсы көрсетілген.

Аннотация

Статья посвящена проблеме изучения семантики слов, составляющих концептуальное поле оценки. Исследование проводится на материале фольклора, поскольку в нем наилучшим образом запечатлены как духовные, так и материальные ценности народа.

Summary

The article dwells on the problem of studying the semantics of words comprising the concept of evaluation. Folklore is considered to be the best background reflecting both spiritual and material values of a nation.

Современная лингвистика проводит достаточно четкую грань между концептом когнитивным и лингвокультурологическим. Е.С. Кубрякова, сравнивая мнения культурологов и когнитологов по поводу количества концептов в культуре, подчеркивает, что, в отличие от культурологов, выделяющих лишь небольшое их количество в русской культуре, около сорока – пятидесяти (по мнению Ю.С. Степанова), "для когнитолога… все или почти все слова – знаки существования концепта" [1, с. 318].

Для лингвокультурологии характерно исследование ценностно-значимых концептов, т.к. в рамках данного направления лингвистики концепт служит инструментом изучения культуры, одним из основных принципов которой является ценностный.

В.И. Карасик говорит о существовании индивидуальных и групповых концептов, обусловливая это тем, что сознание, включающее данные человеческого опыта, также может быть индивидуальным или групповым, а поскольку концепт является единицей сознания, то отсюда происходит и вышеуказанное деление. Автор полагает, что, поскольку важнейшим компонентом концептов является ценностный компонент, то к их классификации можно применить тот же принцип, на котором основывается классификация ценностей. Ценности делятся на внешние (социально обусловленные) и внутренние (персонально обусловленные). К внешним ценностям исследователь относит микрогрупповые (в семье, в кругу друзей), макрогрупповые (социальные, статусные и др.), этнические и общечеловеческие, а также ценности типа цивилизации (например, ценности современного индустриального общества, ценности средневековья и др.); соответственно различают концепты индивидуальные, микрогрупповые, макрогрупповые, национальные, цивилизационные, общечеловеческие.

В.И. Карасик выделяет три компонента лингвокультурного концепта: ценностный, фактуальный и образный [2]. Фактуальный компонент – это словесное оформление концепта, при его помощи концепт воспроизводится в речи, тогда как образный компонент не передается словесно, его можно только описать. Ценностный же компонент лингвокультурного концепта обусловлен тем, что при помощи концептов изучают культуру, главным принципом которой является ценностный.

Особое внимание ценностному компоненту концепта уделяет Г.Г. Слышкин. Он рассматривает концепт как понятие культуры, а поскольку система ценностей является неотъемлемой частью культуры, то и концепт включает в себя ценностную составляющую [3].

Не каждое явление действительности может послужить основанием для образования концепта, и именно ценностный компонент концепта выделяет его среди семантических единиц языка. Оценке человека подвергаются только те явления, понятия, категории действительности, которые ему нужны в физической и духовной деятельности. Н.Д. Арутюнова считает, что для того, чтобы оценить объект, человек должен "пропустить" его через себя. В момент "пропускания" человек оценивает объект, и это служит основанием для образования концепта, значение которого в последующей деятельности человека будет расширяться. Оценка ориентирована на человека, ее принцип – "мир существует для человека, а не человек для мира" [4, с. 181]. Человек оценивает, прежде всего, то, что ему необходимо для достижения практических целей; и если в данном языке к тому или иному объекту действительности можно применить оценочные характеристики, то это доказывает существование в данной культуре концепта, основанного на этом объекте действительности. При этом содержание самого концепта «оценка» достаточно расплывчато в силу неопределенности в силу неопределенности его предметного содержания. Новейшие исследования в области лингвоаксиологии показывают, что оценка, воплощая ценностный аспект языковых единиц, эксплицируется в языке

Мұнда «кеме» сөзі екі рет қайталанатын, мағыналары бірыңғайлы тіркестер бар: «дарияға дауыл қуып кірген кеме, еркі жоқ, толқын айдап жүрген кеме».

Бұл бірыңғайлы тіркестердің мағыналары біріне-бірі еселеніп үстелетіндей экспрессивті мән сезіледі. Бұл бірыңғайлы тіркестердегі «кеме» есімін немесе етістіктерін (қуып кірген, айдап жүрген) ауыстыруға немесе басқа мәндес сөздермен өзгертуге болмайды. Ақын қалай құрды, сол қалпында тұрып, айтуға жатық, құлаққа жағымды. Бұл Мағжан ақынның авторлық қолданыстағы фразеологиялық тіркестері.

Енді екі фразеологизмнің соңғысының етістігін қысқартып құрған ФТ-ке тоқталайық:

Бұл жөнінде О.С. Ахманова сөздігінде былай деген: Сокращение привычного парного

сочетания путем опущения второго слова [7,122].

Мысалы: Іленің толқындары әлі күнге,

Айтады ерге жырау ауық-ауық [6, 254].

«Жоқтау салды» - жоқтау айтты, дауыс қылды [8, 204], ал «Жыр етті (қылды)» - аузының суы құрып әңгімеледі. [8, 223] мағынасын білдіреді. Мағжан ақын бірінші фразеологизмнен етістік компонентін қалдырып, екінші ФТ – дан есім сөзін (жыр) қалдырып, оған-ау жұрнағын қосып, ФТ (жырау айтады) құрған. Бұл жаңа ФТ жоқтау салу «жыр ету» ФТ-на негізделіп жасалған. Аяулы азаматтан айрылу халықтың қайғысы екендігі жағынан қарағанда «елге жырау айту» фразеологизмінен гөрі «жоқтау салу» ФТ-сі мағыналас келеді. Ал елге жырау айту ФТ-сы азаматынан айрылып, қайғысы жүрегін қақ айырып зар еңіреген халықтан гөрі оның өміріндегі жеткіншек жас өспірімдерге үлгі өнеге боларлық қасиеттерін мақтаныш тұта, ауыз толтыра әңгімелейтіндігі жағынан қарағанда «жыр ету» ФТ-сы мен мәндес. Демек, екі ФТ-ның мағыналарын қамтитын жаңа ФТ (жырау айту) жасаған. Яғни, 1-ші ФТ-ның «айту» етістігін қалдырып, оған + ау жұрнағын қосып, екі ФТ-дан құрамдас бір ФТ жасай отырып, мағынасын кеңейткен.

Сөйтіп, синтаксистік синонимдерді көріктеуіш қызметте жұмсау поэзияда кең орын алатынын мысалдар келтіру арқылы дәлелдедік.

Әдебиеттер:

1. Жұмалиев Қ. Стиль - өнер ерекшелігі. - Алматы, 1966.-228 б.
2. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері.- Алматы, 1965.-187 б.
3. Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы «Жұлдыз» журналы № 4. 1951. Алматы.
4. Сыздық Р. Сөз құдіреті.- Алматы, 1997.-224 б.
5. Сейфуллин С. Шығармалар жинағы. 1том. – Алматы,1994 -290б.
6. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 1том. – Алматы,1995-256 б.
7. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. - М, 1969.-608 с.
8. Кеңесбаев С. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы,1997-712 б.

УДК 82: 811.512.122

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ

Досова А.Т. - ф.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті мемлекеттік тілді дамыту орталығының директоры

Түйін

Бұл мақалада көркем әдебиет стилінің ерекшеліктері қарастырылады.

Аннотация

Данная статья посвящена особенностям художественного литературного стиля.

Summary

The article is devoted to the peculiarities of the literary style.

Көркем әдебиет тілі - әдеби тілдің үлгісі. Әдеби тіл –халық тілінің ең жоғарғы формасы, сондықтан ол ғылымның барлық саласын қамтиды. Әдеби тіл негізінде сөз арқылы өрнектеледі, сөздердің сөз тіркестерінің тіпті сөйлемнің әдемі қолданылуы осы көркем әдебиет стилінде қарастырылады.

Көркем әдебиет тілі шығармаларда суреттелетін сан алуан оқиғаларды, сомдалған бейнелерді, олардың қақтығыстары мен мінез-құлықтарын, психологиялық күйлері мен сезімдерін барынша ашып көрсету үшін қазақ тілінің сөз байлығын мүмкіндігінше молынан пайдалануы қажет. Міне, сондықтан да көркем әдебиет стилі функционалдық стильдердің басқа түрлерінен ерекшеленеді. Көркем әдебиет стилінің өзіне тән басты деген ерекшеліктеріне нақтырақ тоқталып өткенді жөн көрдік.

Көркем әдебиет стилінің ерекшеліктерінің бірі - көркем әдебиет тілінде эстетикалық қызметтің басым болуы. Көркем шығармадағы адамдар арасында болатын қарым-қатынас арқылы, кейіпкерлердің әр түрлі ортада, қуаныш немесе күйініш сәтін бейнелеу үстінде жазушы сөздің эстетикалық мәніне баса көңіл бөлуге міндетті. Іс қағаздары мен ғылыми мақалалар, ауызекі сөйлеу тілінде ұшырасатын сөздермен салыстырғанда, көркем әдебиетте сөзді талғап, таңдап, саралап, сұрыптап қолданудың нәтижесінде оның бейнелілік қуаты айқын ашыла түседі.

Көркем әдебиет тілінде коммуникативтік қызмет міндетті түрде ескеріліп отырады. Адам бар жерде, адамдардың әр түрлі ойы, сенімі, оқиға, тартыс бар жерде сөз арқылы қарым-қатынас болмауы мүмкін емес. Көркем шығамада жазушы суреттеп отырған оқиға кейіпкерлердің тіл арқылы қарым-қатынас жасауының нәтижесінде өрбиді. Сөз қаншалықты әдемі, қаншалықты эстетикалық қуатын сақтап қолданылғанымен, ол белгілі бір оқиғаға, сюжетке құрылмаса, тартымды композиция жасалмаса, оны толыққанды көркем шығарма деп айта алмас едік. Ендеше, коммуникативтік және эстетикалық қызметтердің бірлігінен ғана шын мәніндегі көркем шығарма тілі танылады.

Көркем әдебиет тілінің келесі ерекшелігі – көп стильділігі. Көркем әдебиетте басқа функционалдық стильдердің элементтері кездесіп отырады. Көркем прозаның көп кейіпкерлерден, оқиғалардан тұратындығын ескерсек, тілдік құралдардың да көп түрлерінің пайдаланылатыны белгілі. Шығарма кейіпкерлерінің сөйлесіп, тіл қатысуы көп жағдайда ауызекі сөйлеу стилін еске салады. Сондай-ақ оқиғаға қатысушы адамдардың әр түрлі қызмет бабында болуына қарай әр алуан іс қағаздары мен ресми құжаттардың стиліне ұқсас сөздер мен сөйлемдердің кездесуі де мүмкін. Мәселен, кейіпкер басқару органының адамы болса, тиісті бұйрық, өкімдердің үлгілері немесе алуан түрлі анықтамалар, өмірбаян, өтініш сияқты құжаттар болуы әбден мүмкін. Кейіпкер ғылымға қатысты адам болса, ғылыми еңбектің үзіндісі немесе ғылыми ортада болып жатқан баяндамалар мен жарыссөздердің болуы да ықтимал.

Көркем әдебиет стилінің тағы бір ерекшелігі - көркем шығармаларда көркемдегіш-бейнелегіш құралдарының жиі қолданылуы. Тіліміздегі троптардың, фигуралардың еркін де жан-жақты қолданылуы көркем әдебиетте жүзеге асады. Бұлар - кейіпкерлердің дүниетанымын дәл беру, суреттеп отырған оқиғаның сипатын ашып көрсету мақсатында жазушының орнымен қолданатын тілдік құралдар болып табылады.

Басқа стильдерде кездесе бермейтін, көркем әдебиет тілінде ең қажетті шарттардың бірі – автордың өзіне тән шығармашылық даралығының болуы.

Жазушының шығармашылық даралығы екі жайға байланысты болып келеді. Бірі – жазушының тіл байлығы, тілдік құралдарды пайдалану мүмкіндігі, екіншісі – стилистикасы, автордың лексикасындағы сөздердің жеке күйінде, сөйлем түрінде, контекст ішінде қолданылу ерекшелігі.

Б. Шалабай көркем шығарма тілінің негізгі үш белгісін былайша көрсетеді: «Біріншіден, ол – өз дәуіріндегі әдеби тіл фактісі. Яғни, жалпы тілдің дыбыстық, лексикалық, грамматикалық материалдары. Өз дәуіріндегі әдеби тілден тыс, өзінше бір дүние емес, соның нормаларына, заңдылықтарына бағынған тіл. Екіншіден, сонымен бірге, ол – әдеби тілден “тыс”, өз нормасы, өз заңдылығы бар дүние. Жалпы тілдің көркемдік-эстетикалық талапқа сай қолданылуы негізінде одан (жалпы тілден) тікелей өсіп шыққан “үстеме” тіл. Бұл аспектіде алғанда көркем әдебиет тілінің спецификалық ерекшелігі, жалпы тілдің көркем тілге айналу жолдары мен тәсілдері сияқты үлкен проблематикалық мәселелер қаралады. Үшіншіден, “көркем әдебиет тілі” нақтылы бір көркем шығарманың тілі ретінде түсіндіріледі. Көркем әдебиет тілі “даралық стиль” категориясымен ұштасып жатады» [1, 94]. Сонда көркем шығармада тіл көркемдік эстетикалық талапқа сай қолданылса, әр жазушы осы талаптың үрдісінен шығу үшін тілдік құралдарды өзінше пайдаланады. Сөйтіп, әрқайсының өзіндік дара жазу мәнері немесе стилі қалыптасады. Басқалай айтқанда, жазушының халықтың тіл байлығын қажетіне жарата білуі, сөйлем құрау барысында сөз сұрыптауы, оларды белгілі бір тәсілмен ұйымдастыра білу сияқты мәселелер сөз зергерінің

өзіндік қолтаңбасын айқындайды.

«Жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздерді «мағыналық топқа иіру», яғни сөздерді өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты» [2, 88].

Көркем әдебиет тілінің өзіндік ерекшеліктері Р.Сыздық пен Б.Шалабай еңбектерінде сараланып көрсетілген. Көркем мәтінді талдаудың өзіндік ерекшеліктері бар екендігін айта келіп, оның грамматикалық талдаудан өзгеше болып келетіндігін айтады. Көркем туындыға жүргізілетін тілдік талдау көркем шығарма мәтінін мәнерлеп оқудан басталатындығын пайымдаған ғалымдар тілдік талдаудың негізгі өзегі деп шығарманың сөздік құрамын таниды.

Көркем әдебиет тілінің зерттелуіне өзіндік үлес қосып жүрген ғалымдардың бірі Б.Шалабай осы салаға қатысты еңбегінде көркем шығарма тілін зерттеудің теориялық негіздерін белгілеп береді. Автордың айтуынша, көркем әдебиет тілін зерттеудің қырларының санатына көркем шығарманың тілі мен оның идеялық-бейнелі мазмұны, көркем шығарма тілін ұйымдастырушы тілдік бірліктер, көркем шығармадағы автор бейнесі т.б. енеді [1].

Б.Шалабай көркем шығарма тілін үш қырынан қарастыруға болатындығын айтады:

а) таза тілдік қырынан;

ә) стилистикалық қырынан;

б) көркемдік-эстетикалық қырынан.

Көркем шығарма тілін талдауда негізінен шығарманың сөздік қоры (лексикасына) мен грамматикасына, көріктегіш құралдарға назар аударылады.

Көркем шығарма тілін лексикалық тұрғыдан жазушының жалпыхалықтық тілді өз мақсаттарына сай ұтымды пайдалануы, жаңа сөз қолданыстар немесе қолданыстан шығып қалған лексемаларды қолдану мақсаты, сондай-ақ кәсіби сөздердің, фразеологизмдердің қызметі т.б. жайлар айқындалады. Жалпыхалықтық қолданыстағы фразеологиялық тіркестердің жазушы шығармасының көркем идеясына қарай өзгеріске түсу себептері де қарастырылады.

Шығармадағы көріктегіш құралдарға жүргізілген стилистикалық талдау көркем туындыда пайдаланылған бейнелі тәсілдер – эпитет, теңеу, метафора т.б. жасалу жолдарын зерттеуді қажет етеді.

Мұның сыртында жазушының даралық стилін айқындау үшін баяндаудың түрлерін зерттеудің маңызы зор. Шығарманың баяндау құрылымы автор сөзі мен кейіпкер сөздерінен көрінеді. Көркем шығармада оқиға белгілі бір жақтан – автор немесе кейіпкер тарапынан ғана баяндалып отырмайды, олардың аралас та келіп отыруы мүмкін. Баяндаудың әңгімелеу, суреттеу, ойталқы сияқты типтерінен, диалог пен монологтан автор бейнесі көрінеді.

«Автор бейнесі дегенде өзара байланысты екі ұғымды түсінеміз:

1) шығарманың субъектісі, яғни шығарманың белгілі бір көркем-идеялық көзқарастарымен ұласқан, өзіндік көркемдік әлемін туғызушы субъект;

2) көркем шығарманың ұйымдастырушылық орталығы болып табылатын тілдік құрылым» [3,48].

Автор бейнесі тілдік тұлға ұғымымен байланысты. Екеуінде де көркем шығарма авторына қатысты мәселелер қарастырылады. Алайда бұл екі ұғымды қатар қоюға болмайды. Жазушы өз шығармасында тілдік тұлға ретінде тілдің негізгі сөздік қорын шебер пайдаланып, сөздік құрамға әсер етіп, тілімізді жаңа сөз өрнектері арқылы байытып, дамытып отырады. Автор қолданған көріктеу құралдары, шығармаға қатысуы, баяндауы, философиялық түйіндері – барлығы автор бейнесін танытатын тілдік құралдар болып табылады. Оны алғаш В.В. Виноградов ұсынып әрі дамытқаны белгілі. Автор мәселесі М.М. Бахтиннің және В.В. Кожиновтың еңбектерінде де зерттелген. Осы аталған жұмыстарда автор мен автор бейнесінің принципиалды шектеулері айқын берілген.

Зерттеушілер «автор бейнесінің» жазушы жасаған басқа да образдар сияқты шығарма

кейіпкерлерінің бірі екенін ашып айтады. Автор бейнесін В.В. Виноградов көркем әдебиет тілі теориясындағы орталық мәселелердің қатарына қояды. «Шығарманың идеялық бағыты, ой-түйіні, көркем мазмұны,- дейді ғалым, -тек кейіпкерлер бейнелерін құрудан, олардың қарым-қатынастары мен байланыстарынан, баяндау мен диалогтың құрылысынан байқалып қоймайды, сондай-ақ автор стилінен, тұтас шығарманың композициялық бірлігінен жасалатын автор бейнесінің құрылымынан да көрінеді» [4].

Әдетте, баяндаудың үш түрі көрсетіліп жүр:

1) 3 жақтан баяндау (жеке тұлғада);

2) 1 жақтан баяндау (мен);

3) Арнайы, автор ойлап тапқан баяншы.

Оның шығарма кейіпкерінің бірі болуы да немесе мүлдем белгісіз субъект болуы да мүмкін. Мәселен, Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романында негізінен автор ойлап тапқан баяншының атынан баяндау басым болып келеді. Жалпы көркем туындыларды үшінші жақтан баяндау көптеп кездеседі.

Кейіпкердің тілдік мінездеу ұстанымдары да әр қаламгерде түрліше болып келеді.

Сонымен, көркем мәтіндегі лингвистикалық құралдардың эстетикалық мүмкіндіктерін көрсету қаламгердің біріншіден, көркем шығармасының маңызды тұстарын айқындаса, екіншіден, оның әдеби тілдің дамуына қосатын үлесін де көрсетеді. Олай болса, лингвостилистикалық зерттеулердің қаншалықты қажеттілігі мен маңыздылығы айтпаса да түсінікті болып шығады.

Көркем әдебиет стилі орыс тіл білімінде В.В. Виноградов, Н.М. Шанский, Б.В. Томашевский, А.И. Ефимов т.б. еңбектерінде қарастырылды.

Қазақ тіл біліміндегі көркем әдебиет тіліне қатысты зерттеулер А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Өмірәлиев, М.Балақаев, Р.Сыздық, М.Серғалиев, Е.Жанпейісов есімдерімен тығыз байланысты болып келеді.

Көркем әдебиет стилі – ойды және сезімді образды, көркем бейнелейтін айрықша өнер. Тіл көркем шығармада ереше эстетикалық қызмет атқарады. Көркем шығарманың тілі – күрделі, қыр-сыры мол құбылыс. Тіл – стильдің жаны. Әр жазушының өзіндік қалыптасқан стильдік мақамы болады. Кез келген құрылысқа материал қажет десек, көркем туындының материалы сөз болып табылады. Тілі нашар шығарма ешқашан жақсы шығарма болған емес және бола алмайды. Демек, сөз өнерінде тілдің атқарар қызметі бәрінен ерекше, бөлек һәм биік.

Шеберлік – адам бейнесі, табиғат көрінісі, қимыл, іс-әрекет сияқты әдебиеттік түрлі образдарды жасау үшін қажетті сөздерді талғап, ұқыптылықпен қолдана білу.

Шеберлік, көркемдік туралы айтқанда да, әдеби тіл проблемасы көтерілгенде де көркем шығарма тіліне тоқталмай өту мүмкін емес. Өйткені, көркем шығарма тілінен жазушының идеясы, дүниеге көзқарасы көрінеді. Басқалай айтар болсақ, шығарманың идеясы, кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері, әлеуметтік сипаты, өмір сүрген ортасы мен кезеңі олардың сөйлеген сөзіне жүргізілген талдау мен оларға (кейіпкер) жасалған сипаттама арқылы ашылады. Яғни әдебиет тұрғысынан қарастырғанда, поэтикалық тілдің көріктеуіш-бейнелеуіш құралдары мен олардың көркем дүниенің мазмұнын ашудағы қызметі сараланса, лингвистикалық жағынан осы көріктеуіш амалдарды жасауға қатысқан тілдік бірліктердің ішкі мағыналық потенциалы, сыры басты нысанға алынады да, шығармада эстетикалық қызмет атқаратын тілге талдау жүргізу арқылы автордың жалпыхалықтық тілдің баюына қосқан үлесі анықталады.

Шығарманың көркемдік, өзіндік бітім-болмысын айқындауда жазушы қолданған тілдік құралдың әрқайсысының орны ерекше. Көркем шығарма тілінде кез келген тілдік құрал орынсыз қолданылмайды. Ондағы синтаксистік құрылымдар мен лексемалар, фразеологизмдер, жекелеген дыбыстар – бәрі де көркемдік идеяға қызмет етуге тартылған “желілер” қатарынан орын алады. Әр сөз зергерінің өзіне тән стилі, өзіндік сөз саптау мәнері, ой-толғау әдістері болады. Жазушының қолындағы қуатты қаруы – тіл, шұрайлы сөз десек, ол сөз халықтың тіл байлығы болып табылады. Ал көркем туынды авторының

шеберлігі айтар ойын – идеяны бейнелі, мәнерлі, айқын жеткізуінде жалпыхалықтық тіл байлығынан қажетті деген тілдік құралдарды сәтті таңдап алып, керегіне жарата білуінен көрінеді. Тілдік құралдардың стильдік жүк арқалау мүмкіндігінің дәрежесі мәтіннен, оның қолданысынан айқын аңғарылады. Әр сөздің құдіретін дұрыс танып, оған көркемдеуші қызмет арту қаламгердің шеберлігіне байланысты. Әр функционалдық стильдің өзіндік ерекше стильдік қабаты болады десек, көркем әдебиет – дыбыстан мәтінге дейінгі аралықтан орын алатын тілдік бірліктердің стилистикалық қызметін талдауға, көркем құралдардың лингвопоэтикалық қызметін анықтауға жағдай туғызатын бірден бір орта.

Көркем шығарма тілі тілдік қолданыстың ерекше бір саласын құрайды. Көркем әдебиеттегі тілдің қолданысын, қандай қызмет атқарып тұрғандығын, тілдік қолданыстың өзгеріске түсуі мен оның себептерін ашып беретін лингвостилистикалық зерттеулер болып табылады. Көркем шығарма тілінің арқауын әдеби тіл фактілер құрайтындығы белгілі. Ендеше тілдің даму процесінде болып жатқан барлық өзгерістердің одан көрініс тауып жатуы заңды нәрсе. Бұл тұрғыдан алғанда көркем мәтінге жүргізілген талдау әдеби тілдегі өзгерістерді айқындап, әдеби тілдің даму бағытын белгілеуге септігін тигізеді. Бірақ көркем шығарма әдеби тілде жазылғанымен көркем шығарма тілі мен әдеби тіл арасында ерекшеліктердің болатындығын ескерген жөн. Мәселен, күнделікті қарым-қатынас жасау қажетін өтейтін әдеби тіл көркем шығармада басқа қырынан танылады. Көркем шығармада әдеби тіл бейнелі құрал ретінде жұмсалып, сол арқылы оқушы сезіміне әсер ететін эстетикалық қызмет атқарады. Мәселен, әдеби тілде нормаға жатпайтын тіл элементі көркем шығармада автордың көздеген мақсатына жету үшін қолданылып, арнайы эстетикалық қызмет атқаруы әбден мүмкін. А.Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда, тілді қолдану дегеніміз – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білу және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білу. Бұл – бір. Екіншіден, көркем шығарма тіліндегі әдеби тіл нормасынан ауытқу тіл бірлігінің бойындағы жасырын жатқан мағыналық мүмкіндіктерді ашады.

Көркем әдебиет тілі ұғымының көлемі әдеби тіл ұғымының көлемінен тар болып жатады. Олай болатыны – көркем әдебиет тілі немесе стилі әдеби тілдің сараланyынан жіктеліп шығатын функционалдық стильдердің барлығының элементтері кездесіп отырады. Айталық, көлемді романнан шығармадағы жағдайға байланысты кірістірілген ресми іс қағаздары үлгілерінің, ауызекі сөйлеу түрлерінің, сөздердің публицистикалық қуатының, шешендік өнер белгілерінің, ғылыми стиль мысалдарының т.б. кездесуі әбден мүмкін. Бірақ, көркем туындының өзіндік тіл ерекшеліктерімен жараса жымдасып келген өзге стильдердің элементтері бірігіп бір мақсатқа – эстетикалық ықпал етуге қызмет етеді. Мұның аты – көркем әдебиет тілінің өз міндетін талапқа сай орындай алады деген сөз.

Көркем әдебиет тілінде әдеби тілдің нормаларына жата бермейтін диалекизмдер, жаргонизмдер, дөрекі сөздер, басқа тілдерден аударылып не сол күйінде пайдаланылған сөздер кездесе береді. Алайда оларды оқырмандардың жоғары интеллектуалдық талғамына сай таңдап, талғап қолдану жазушының білім дәрежесі мен тәжірибесіне тығыз байланысты.

Көркем әдебиет тілінің бір ерекшелігі – ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тіл үйлесім тауып, бірін-бірі толықтыра түседі. Жалпы халықтық тіл түрлерінің аралас-құралас бола беретіні белгілі, бірақ дәл бұлай табиғи үйлесіп келуі функционалдық стилдердің басқа түрлерінде кездесе бермейді.

Көркем шығамадағы ауызекі сөйлеу үлгілері, негізінен, кейіпкерлер тілі арқылы беріледі. Сонымен бірге, авторлық баяндаудағы ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшеліктерді көрсетеді.

Тіліміздегі басқа стильдерге қарағанда, көркем сөз стилінің аясы кең. Мұнда барлық стильдердің элементтері кездеседі. Тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмсалады. Образды сөздер жиі қолданылады. Әр жазушының өзінің талғамына қарай тіл ерекшелігі, қолдану тәсілі болады. Ол ерекшеліктердің бәрі бір-бірімен ара қатынаста болып, көркем әдебиет стилінің басқа стильдерде қайталанбайтын, айрықша жүйесін жасайды.

Көркем әдебиет сөз өнері ретінде ғана танылмайды. Ол өмір қиындығын біліп

тануымызға ықпал жасайтын, біздің өміріміздің эстетикалық жағын қамтитын қоғамдық құбылыс болып саналады.

Әдебиеттер:

1. Шалабай Б. Көркем шығарма тілі - даралық стиль құбылысы. //Қазақстан мектебі. - 1973. -№3. -94-96 б.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. - 224 б.
3. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері.– Алматы:Қазақстан, 1965. – 187 б.
4. Виноградов В.В. О языке художественной литературы – М.:Гослитиздат, 1959. –654с.

УДК 811.161. 1'

О ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ НОСИТЕЛЯ ДИАЛЕКТА

Ахметова Б.З. - к.ф.н., зав.каф. теории яз. и литературы Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова

Түйін

Қызмет,еңбек еспен байланысты, содықтан олардың адамнан бұрын пайда болуы мұмкшн емес. Адамдар бір бірімен аралысқан кезде заттарды вербалды белгілер аркылы атайды және суреттейді.

Аннотация

На языковую личность в народной культуре можно посмотреть и шире, с позиции современной языковой ситуации. Для определения доминант языковой личности важен анализ социокультурной ее природы.

Summary

It is impossible to think without language. Activity and work of the man are conscious and can not arise before the man. It has been natural in the human communications to name and to describe subjects of the validity with the help of verbal marks. At first concept of language has appeared and only then activity.

Любая система в своем функционировании может порождать феномены, не укладывающиеся в уже зафиксированные «регулярности». Социальные условия деревни достаточно глубоко подчиняют себе личность, однако и здесь остаются возможности для инициативы.

Каждая языковая личность формируется на основе присвоения отдельным индивидом языкового богатства, созданного его предшественниками (язык, языковые потребности и мотивы, ценностные ориентации в использовании языка и др.). Формирование языковой личности осуществляется в двух планах: закономерно и индивидуально. Закономерное – не исключительное, но непременно то исходное, на чем основывается языковая личность, это язык, диалект.

Язык отдельного человека, индивидуальный язык, состоит из большей части общего языка и меньшей части индивидуальных языковых особенностей, последние и являются основой развития общего языка. Речь носителя диалекта в условиях неофициального, непринужденного общения представляет собой сложное соединение, в котором тесно сопряжены и реализуются основные формы национального языка: территориальный диалект, литературный язык, просторечие, а также индивидуальные языковые особенности.

Индивидуальное в языковой личности, с одной стороны, формируется через внутреннее отношение человека к языку, через становление личностных смыслов языка, которые определяют ее индивидуальные варианты ценностного отношения к языку. С другой стороны, языковая личность оказывает заметное влияние на становление языковых традиций. Однако проблема проявления личностного начала в народной культуре еще не

поднималась в науке, и соответственно вопрос о роли языковой личности в создании и сохранении диалектной традиции в отечественной лингвистике еще не ставился. Тем не менее языковая личность оказывает заметное влияние на становление языковых традиций. Лишенная выраженного теоретического начала, языковая личность носителя диалекта извлекает народное понимание языка из практики пользования этим языком.

В большинстве работ по диалектологии носитель диалекта представлен или в обобщенном виде, или в одностороннем отношении, обусловленном дифференцированным подходом к проблеме («Диалектный словарь личности» В.П.Тимофеева), или во фрагментарном виде в отдельных статьях, где нашли отражение некоторые черты коллективной языковой личности, в частности языковое сознание и самосознание [1,с.25].

Концепт «языковая личность» обнаруживает некоторый изоморфизм структурных элементов культуры и языка в их функциональном и внутриеерархическом плане. Особое место здесь принадлежит когнитивной стороне этого явления – детализации языковой картины мира, осознаваемости речи, метаязыковым высказываниям.

Изучение народного сознания имеет первостепенное значение еще и потому, что «оно позволяет открыть для нас и освободить от всяких наслоений духовный источник нашей силы, русскую идеологию действия, вне которой человек ущербен и слаб, превращается в игрушку внешних сил» [2, с.11].

Конкретная языковая личность позволяет выделить черты развития говора, определить пределы личностного варьирования диалекта и выявить общие признаки идиолекта и говора. Авторское своеобразие не является главным достоинством диалектных текстов, значимость которых определяется тем, насколько точно личность передает фольклорную традицию и речевой стандарт: до нас было сказано, не нами сказано, придумано. Однако диалект не исключает преимущественного отражения образного и рационального типа мышления диалектоносителей.

Проблема языковой личности ставит вопрос о необходимости развития диалектной текстологии, которая пополнит новыми сведениями общую текстологию. Прежде всего, это касается таких текстовых категорий, как цельность, связность. Отдельность, модальность и др., изучение которых не предпринималось на примере разговорной речи. Тем не менее исследование, например, категория модальности диалектного текста в аспекте речевой коммуникации позволит раскрыть онтологическую сущность разговорной речи вообще. На языковую личность в народной культуре можно осмотреть и шире, с позиции современной языковой ситуации. Носитель диалекта оценивается как человек, имеющий низкий культурный уровень. А это ведет к снижению самоориентации в обществе, порождает социальную неуверенность, затрудняет контакты с представителями городской культуры, разрушает преемственность поколений [3, с.232].

Параметры языковой личности в науке еще не разработаны. Однако сейчас можно назвать некоторый минимальный набор этих компонентов и качеств. Языковая личность характеризуется определенным запасом слов, имеющим тот или иной ранг частотности употребления. Лексикон и манера говорения может указать на принадлежность его к социальному классу, свидетельствовать об уровне интеллигентности и типе характера, может дифференцировать его в зависимости от пола и возраста. Языковой репертуар личности, деятельность которой связана с выполнением десятка ролей, должен быть усвоен в соответствии с речевым этикетом, принятым в данном обществе.

Одним из важнейших параметров личности является память. По мнению Ю.М.Лотмана, « в обществе устной культуры хранились и передавались из поколения в поколение огромные ласты информации, что опиралось и на озощренную коллективную культуру, на выделение «гениев» памяти [4,с.203]. На невербальную память опирается интуиция, которая с интеллектуальной деятельностью и пресуппозицией и составляет процесс творчества. Все знания не поддаются активизации, но память выдает необходимые знания, так как в мозге они разделены на блоки, которые ассоциативно связаны [Там же]. Чем богаче ассоциативная пресуппозиция, тем богаче личность.

При выделении вербальных параметров языковой личности нами учитывалось обоснование деятельностной онтологии речевого общения, основы которой разработаны в общепсихологической теории деятельности А.Н.Леонтьева [5,с.178]. Разгадка природы речевой деятельности носителя языка кроется не в ней самой, а в том, ради чего она совершается. В связи с этим на первый план выдвигается понятие языковой личности, которое обогащает понятие речевой деятельности носителя диалекта. И в этом случае носитель диалекта понимается как активный субъект, вобравший в себя языковой опыт предшествующих поколений и реализующий его в различных формах.

Для определения доминант языковой личности важен анализ социокультурной ее природы. Для выполнения этой задачи методологическое значение имеет активно разрабатываемая в трудах философов и психологов концепция человека, в центре которой идея универсально-предметной его природы. Различные аспекты этой проблемы становились предметом анализа в работах Л.С. Выготского, Б.С.Братуся, М.М.Бахтина, Л.М.Баткина, Д.С.Лихачева и многих других, в которых создается новое понимание человека в русле, объединяющем уникальное многообразие человеческой жизни в ее конкретности и одновременно в общности с другими людьми. В своем исследовании мы учитываем, что «вся народная культура диалектна» [5,с.19]. Эта культура исторически складывалась из поколения в поколение. Снижение роли традиции неизбежно приводит к утрате народных корней в культуре, поэтому изучение диалектов – наиважнейшая задача науки. «Надо расстаться с представлением о том, что русские диалекты хорошо изучены, в частности, на основании, что они массово изучены для атласа…В действительности имеющиеся знания об устройстве диалектной части русского национального языка далеко недостаточны» [см. 5, с.232]. «Речевая организация» носителя языка, его способность к совершению речевой деятельности [Там же, с.225] и, в конце концов, сама языковая личность формируется на основе текстов, в которых отражается социокультурная среда.

Для дальнейшего рассуждения о диалекте и народной культуре важны представления о норме в языке и тексте. Взгляд на норму как на один из аспектов языковой системы высказал еще Ф.де Соссюр. Затем это понимание нормы было развито в трудах Л.Ельмслева, Э.Косериу и других лингвистов, которые в то же время проводили определенное различие между языковой системой и нормой. Языковая норма, подчеркивал Э.Косериу,- это «реализованный язык» [см .5,с.237].

Для нашего исследования существенно положение о том, что сама языковая норма - это одна из форм проявления нормативности культуры. Мы понимаем норму как коллективное установление, определяющее единообразное пользование языком. Норма снимает диалектическое противоречие между индивидуальной и социальной природой языка. Норма ограничивает индивидуальный произвол в речи, обеспечивает общепонятность речи и языка. Нормами часто неосознанно, но всегда объективно владеет любой носитель языка, в том числе носитель диалекта. Система языковых и коммуникативных норм предстает в виде некоторого социокультурного пространства возможностей, в котором посредством осознанного выбора, совершаемого в условиях речевых актов, коммуниканты строят и понимают тексты, одновременно открывая и присваивая соответствующие правила. Становясь компонентами языкового сознания, они выполняют конструктивную роль в речевой деятельности.

Понятие языковой личности открывает исключительный по своей значимости факт, а именно: осознание человеком своего языка, которое никогда не происходит прямо по схеме «язык-сознание», а всегда опосредуется той целостной функционирующей структурой, каковой является человеческая личность.

Литература:

1. Леонтьев А.А. Общие сведения об ассоциациях и ассоциативных нормах //Словарь ассоциативных норм русского языка. М.,1977.

2. Налимов В.В. Загадочность сознания //Тайны сознания и бессознательного.

Хрестоматия. Минск,1998.
3. Шляхова С.С. Фукция ономатопов в русской речи. Л,1990.
4. Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. М.,1963.
5. Маскадыня В.Н. Отнесение к категории как способ идентификации значения слова: Дис. … канд.филол.наук. Калинин,1989.

УДК 811.512.122.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ЭКСПРЕССИВТІ-ЭМОЦИОНАЛДЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР. (М.ДУЛАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

Нурсеитова А.А. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Гуманитарлық-әлеуметтік институтының 1 курс магистранты

Аннотация

В данной статье фразеологизмы всесторонне анализируются как устойчивые сочетания слов. В частности, рассмотрены фразеологизмы эмоционально-экспрессивного характера, дан лингвистический анализ.

Summary

In this article idioms are analyzed as stable word – combinations. Particularly phrase logical idioms of emotional – expressive origin are investigated and their linguistic analysis is described here.

Сөздер зат, құбылысты, олардың белгі-қасиетін, болмаса іс-әрекетін ғана атап білдіріп қоймайды, сонымен бірге адамның сезіміне әсер ететіндей стильдік мәнге ие болады. Адамның сезіміне әсер ететін сөздер тобы экспрессивті-эмоционалды лексика деп аталады. Сөздің экспрессивті сипаты оның бейнелі, мәнерлі айтылуынан, ал эмоционалдығы оған қоса адамның бір затқа, құбылысқа өзіндік көзқарасын, көңіл күйін, сезімін білдіруінен көрінеді. Сөздің бейнелі, мәнерлі айтылуы мен сезімге әсер ету қасиеті бір-бірімен тығыз байланысты. Эмоция бар жерде экспрессивтілік болады. Ол эмоциялық бояуы бар сөздер арқылы білінеді. Әсіресе сүйіспеншілік, масаттанушылық, есіркеушілік, еркелік, таңырқаушылық, жағымпаздық, қошеметшілік, өшпенділік, үрейлену, сес көрсету сияқты адамның жағымды-жағымсыз қасиеттерін білдіруде жиі кездеседі. Экспрессивті-эмоционалды сөздер барлық стильде бірдей қолданыла бермейді. Олар негізінен сөйлеу тілі мен көркем әдебиетке тән.[1.172 б]

Тіліміздегі сөздер өздерінің экспрессивтілігі жағынан да әр түрлі.Демек, экспрессивтік сапа белгілі бір сөздерден ғана байқалады. Мысалы: адам, көл, қабырға, үлкен, сусын, аға, таныс, киім есімдерін пысықай, шыпжықай дегендермен өз ара салыстырсақ, өздерінің көркемдік бейнелілігі, эстетикалық әсерлілігі тұрғысынан екі сала нәрсе екенін оңай аңғаруға болады.Бұлар көбінесе көркем әдебиет стилі мен сөйлеу стилі және публицистикалық стильдерде жиі жұмсалады.[2.76 б]

Экспрессивтік бояу – жеке сөздерге де, фразеологиялық орамдарға да, сөз формаларына да, синтаксистік конструкциялардың қай-қайсысына да тән сипат. Бірақ бұл арада мына бір мәселенің бетін аша кету керек. Әдетте әр сөздің өзіне тиісті қолданылу ерекшелігі, белгілі бір стиль түріне бейім, яғни стильдік сипаты болады.

Экспрессивтік бояу әдетте екі тұрғыда сөз етілуі тиіс. Біріншіден, лексикалық мағынасы әуелден экспрессияға бейім тұратын сөздер, екіншіден, қолдану процесінде жүре келе экспрессивтік бояу алатын есімдер мен етістіктер. Бірақ сөздің лексикалық мағынасында экспрессивтік өң үнемі бола бермейді. Әрбір жазушы белгілі бір образ жасау үстінде өз шығармасының тіл көркемдігін жетілдіре түсу үшін бейнелеу құралының осы түрін де ретіне қарай пайдалануға тырысады.Экспрессивтік сөз қолдану тәсілі автордың жалпы сөз

байлығына ғана емес, сондай-ақ материалды көркемдік мақсатқа сай қаншалықты дәл іріктеп ала білуіне де тікелей байланысты. Сөздердің мұндай экспрессивтік қызметі публицистикалық, сөйлеу стильдерінде, әсіресе көркем әдебиет стилінде барынша ерекшелене түседі. [2. 76 б]

Жеке сөздерге тән эмоциональдық-экспрессивті бояу тұрақты сөз тікестерінде болады. Яғни, бұрыннан қалыптасып тұрақталған айрықша экспрессивті бояулы сөз тіркестері болады. Экспрессивті тұрақты сөз тіркестерін сол дайын күйінде пайдаланып, сөйлеуші зат не құбылыс туралы өзінің көзқарасын және оны қалай бағалайтынын білдіреді. Экспрессивті тұрақты сөз тіркестері сөзімізге айрықша әсер етеді.[2.114 б.]

Міржақып өлеңдерінде айтайын деген ойларын суреттеуде сан алуан әсерлі өрнектеулерді орнымен айшықтаған.Ақын өлеңдері мен роман, пьеса, әңгімелерінде қазақ танымындағы дәстүрлі ұқсатулар орын алған.Міржақып поэзиясында фразеологиялық тіркестердің қолданысы өзіндік өрнегімен ерекшеленеді. Ақын поэзиясынан фразеологиялық тіркестердің экспрессивті-эмоционалды жағынан қолданылып, өлең жолдарына үстеме мағына бергенін байқаймыз. Автор фразеологиялық тіркестерді экспрессвті тұрғыдан қолдану арқылы ойын ұтқыр да, дәл жеткізе білген. Бұл ақын шығармашылығындағы өзіндік ерекшелігі болса керек.

Экспрессивті-эмоционалдық сөздердің тіркесін бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады.Фразеологиялық тіркестер адамның бойында болатын жағымды және жағымсыз қылықтарды әсерлі бейнелейді.[3.73]

1.Ақын шығармаларындағы жағымды және жағымсыз образды
сипаттайтын эмоционалды-экспрессивті тұрақты тіркестер:

1.*Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,*
Шешең байғұс дамлсыз жүретұғын. [4. 103]

2Жалқау болсаң балалар, жаман болсаң,
Қамқор анаң *көз жасын көлдететін*. [4. 103]

3.*Бетін жуған жасымен* сорлы анаңа,
Хат жазып тұр *төбесі көкке жетсін*.[4. 103]

Көрсетілген мысалдар Міржақыптың «Шешенің балалрын сүюі» өлеңінен алынған.Ақын төрт шумақты өлеңіне осынша тұрақты тіркестерді қолдану арқылы ана қамқорлығының сипатын кеңінен аша түскен. *Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай, көз жасын көлдететін, бетін жуған жасымен, төбесі көкке жетсін* тіркестерін түйдектеп, ұтымды қолдану арқылы өлеңнің экспрессивті мағынасы арта түскен.

Көзіңнің шарасы бар, көңілің соқыр.
Немене білмеген соң көрген күнің.[4. 64]
Көңілің жабық, көзі көр.
Білсін қайдан мәнісін.[4. 90]

Міржақып шығармаларындағы өзекті мәселе – қазақ халқын надандықтан,
сауатсыздықтан арылту. Мына мысалдардан ақын қайтсем халқымды қараңғылықтан сауатсыздықтан құтқарам деген ой толқыныс, шерін байқаймыз.Ақын «надан» сөзінің орнына *көзіңнің шарасы бар, көңілің соқыр, көңілің жабық, көзі көр* тіркестерін әр қилы қолдану арқылы халық санасына ойын ұшқыр да, тапқыр жеткізген. Бұл да ақын шығармашылығындағы шеберлікті аңғартады.

Шортандай шабақ жұтқан жалмауыздар.
Тексеріп өз ғайыбын сынамаған.[4. 45]
Түйені түгіменен жұтысады.
Храмнан нәпсі тыйып бір қашпаған [4. 45]
Ішкен мас, жеген тоқ боп жүруші еді,
Түзеліп бозбаланың саяхаты. (4. 45)

Автордың мынау өлең шумақтардан келтірілген *ішкен мас, жеген тоқ* .Қақ-соқтыға салып, күн көсетпеді [5. 582] *шортандай шабақ жұтқан, түйені түгіменен жұтысады.* Осы екі тұрақты тіркестің де мағынасы - жұртты ойсырата жеген, параны көп алған. [5.526] Бұл–

компоненттер тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да сәйкестенген ақынның сөзге шешендігін көрсететін фразеологиялық тіркестер.
2.Ақын шығармаларындағы тілек мәні бар тіркестер:

1. Жапанда жазуы бар неткен тақтай?!
   Жазылған оқып көрсе сөзі мынау:
   *«Болсаң бол, ей, жолаушы бұл бұлақтай! [*4. 88]
2. Бетін жуған жасымен сорлы анаңа,
   Хат жазып тұр *төбесі көкке жетсін*.[4. 103]

Бұл өлең жолдарынан *төбесі көкке жетсін, болсаң бол, бұл бұлақтай* тілек мәнді тіркестері жақсылық тілеу нышанында өлеңге эмоционалды-экспрессивті мағына үстеп тұр.

Тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелердің бір – бірімен мағына ұқсастығын әдетте фразеологиялық синоним деп атайды. Кейбір фразеологиялқ синонимдер бірінен соң бірі сатылап дамып, сөз тіркестерінің мағынасын кеңейте түскен.[3.76]

Синонимия – тілдегі кейбір ұғымдардың дәл және көркем бейнелеуін қарастыратын лексикалық құралдардың бірі.[3. 14]

Ақын өлеңдерінде кездесетін синоним сөздердің экспрессив-эмоционалды қолданысына тоқталып кетейік:
1.Ойды толық әрі жан-жақты ұғындыратын экспрессоид-синонимдер:

Кеш біліп,кенже қалып көп пайдадан
Жіберген сол емес пе жер мен суын [4.64]
Ақ пейіл, таза жүрек, жүзің жарқын,
Секілді мөлдір бұлақ суы салқын.[4. 96 б]
Қалайша тау мен тасқа баға алады.
Қоралы қой, қосты жылқы байларда бар.[4. 34]

Осы өлең жолдарындағы*, кеш біліп, кенже қалып, ақ пейіл, таза жүрек*, *қоралы қой, қосты жылқы* синоним сөздері жағымды, жағымсыз қасиеттер білдіріп мағына тереңдігін кеңейтіп, өлеңге экспрессивті мағына үстеп тұр.

Мақал-мәтелдер ойды жандандырып, өткірлік ұлттық сипаттағы экспрессивтік стильдік мәні ерекше құрал болып табылады.Мақал-мәтелдерді орынды, дұрыс қолдану сөз өрнегіндегі шеберлікке баулитын әсем өрнек. Халық даналығы мақалдар мен мәтелдерді мол қолданды, бұл тіліміздегі экспрессивтік стилдік ерекшелікті қалыптастырудың негізі болды.

Мақал-мәтелдер – халықтың рухани-эстетикалық, көркемдік қазынасы. Олардағы тілдік құралдар мен берілетін экспрессия мен эмоцияның мынадай негізгі белгісін атап көрсетуге болады: эмоция – адамның тіршілік жағдайына қанағаттануы мен қанағаттанбауынан туатын психологиялық күй, экспрессия соның айшығы, тіл арқыл бедерлі өрнектеліп бейнеленген көрінісі; -адам ойындағы психологиялық процесстерді сипаттайтын экспессивті мәнді қолданыстар, нақты айтқанда, мақал-мәтелдер және қанатты сөздер функционалды-семантикалық жинақтық құрайтын күрделі жүйе және ол ықшамдық, дәлдік, әсерлілік ұстанымдарын басшылыққа алады.Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер экспрессия мен эмоцияның тілдік құралдар арқылы берілетін эмоционалдық реңкі мағынасы терең, халыққа түсінікті. Мақал – мәтелдерге тән экспрессивтілікте тілдік эмоционалдық реңк үстем болады. Экспрессия мен эмоцияны білдіретін тілдік құралдар – адам бойындағы жеру, жирену, жек көру, күйіну, сүйсіну, армандау т.б. тәрізді сезім күйлерін сипаттайтын психолингвистикалық құрылымдар болып келеді. Мақал – мәтелдердің экспрессвті стилистика тұрғысынан қолдану ерекшеліктері әрқашан өз белсенділігін, өзектілігін жоймайды.[6. 32 б]

1.Ақын өлеңдеріндегі мақал-мәтелдерді тұлғалық өзгеріске ұшыратпай, өз қалпында пайдалану арқылы эмоция білдіру.

«Алма піс, аузыма түс» - дегенге
Халқым-ау, илансаңыз ешкім көнбес.[4. 48]
Осы екен *«ұрлық түбі-қорық »* - деген,
Япырмай, құтылармыз енді нешік? [4.85]

Ақын өлеңдеріндегі бұл мақалдар халықтық қолданыстағы мағынасынан ауытқымаған.Дегенмен, бұл мақалдар өлең жолдарындағы *халқым-ау, япырмай* компоненттерінің тіркесуі арқылы эмоционалды- экспрессивті мағынаға ие болып тұр.

2.Автор тарапынан компоненттерінің орын ауыстыруына байланысты өзгеріске ұшыраған инвариант мақал-мәтелдер арқылы эмоцияны білдіру.

1.Өзі еткен әміріне халиф келіп,
Сақина тілеп алды сау басына. [4. 126 б]

2.*Бір сырлы сегіз қырлы* көрінсеңіз,
Тағы да білгеніңді айтып таста [4.149]

Мақалдың халықтық қолданысындағы мағынасы өзін-өзі дауға іліктірді, әлек тілеп алды /4.456/ Автор тарапынан мақал орын ауысуы арқылы қолданылған., ал екінші мысалдағы мақалдың мағынасы «өнері мол, байсалды жақсы адам»
[5. 459] дегенді білдіреді. Мақалдың орны ауыстырылып қолданылғанымен мағынасы халықтық қолданыстан аутқымаған. Мақал орын ауыстырылып қолданылғандықтан ерекшеленіп экспрессивті мағынаға ие болып тұр.

3.Мақал-мәтелдердің компонеттерін өзгертіп айтуға байланысты экспрессивті-эмоционалды мағынаға ие болған инварианттар:

1.*Түймені түйедей ғып зорайтады,*
Баяғы мұны тапқан hүнердағы [4. 29 б]

2.*Темірді қызуында соқпай қалып,*
Нәсіліннің көз жасына қаласың ба? [4. 33]

Мақалдың халықтық қолданысындағы мағынасы кішкентай мінді, болар-болмас айыпты үлкен етіп көрсету. [5. 526]. Бұндағы өзгеріс мақалға «зорайтады» компоненті қосылып экспрессивті мағынаға ие болғандығы, ал екінші мысалдағы мақалдың мағынасы әр нәрсені өз уақытында істеу.[5. 500] Бұндағы өзгеріс «соқ» компонентінің орнына «соқпай қалып» компонентінің болымсыз түрін қолдану арқылы мақалға экспрессивті мағына үстеген.

4.Қосалқы компоненттермен кеңейтіліп, экспрессивті-эмоционалды мағынаға ие болған инварианттар.

1.*Жылтырап тесік моншақ жерде қалмас*,
Қазақша бір роман жаза салшы. [4. 136]

2.*Күле кіріп, күңірене*,
Үйіннен шығар ол құрғыр. [4. 69]

Мақалдың халықтық қолданыстағы мағынасы асыл зат жерде жатып қалмайды, керексіз болып қалып қоймайды [5.502] Бұл жерде мақалдың негізгі түп нұсқасына «жылтырап» компоненті қосылып эмоционалды-экспрессивті мағынаға ие болғандығы. Сонымен қатар негізгі мақалдың мағынасы заттың асылдығын білдірес, ал автор өлеңінде халық қазынасы өлмес мұра роман жайлы айтылған. «Күле кіріп, күңірене шығу» арам ниетін білдірмей екі жүзділік етеді [5.289] Мұндағы өзгешелік «үйіннен шығар ол құрғыр»-деп мақалдың мағынасын қосалқы компоненттер арқылы кеңейте түскені.

Фразеологиялық тіркесті сөзде толғаныс, сезім, образ, ырғақ бар деп қарау керек. Тұрақты сөз тіркестерінде логикалық қимыл бар, әрекет бар. Сөйлеушінің, айтушының үні әдемі сөз өрнектерімен, тілдің асқақ поэтикасымен астасып жатады. Мұның бәрі жай құбылыс емес. Фразеологизмдегі сөздер мен сөйлемдерде мағынасы кеңейтілген экспрессиялық бояуы қанық қиыннан қиыстырған ой жатыр.

Біз қарастырған фразеологизмдер лингвистикалық ережелерге сәйкес әр түрлі өзгерістер мен қолданылса да фразеологизмдердегі тұлғалық тұрақтылық оның біртұтас мағынасы мен мазмұнынына тікелей байланысты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1.Қалиев Ғ.Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы.1997-245 б..

2.Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манаспаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы: «Дәуір» 2005.
3.Қайыпбаева А. Поэзия тіліндегі фразеологиялық тіркестердің көріктеу құралдары. Оқу құрал. Қостанай, 2006-83 б.
4.М. Дулатұлы М. Шығармалары. 1-т. Алматы: Ғылым 1996 – 280 б.
5.Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1997-712.
6.Қоянбекова С Б. «Қазақ тілі экспрессивті силистикасының негіздері». Автореферат. Алматы: 2008.

УДК 811.512.122.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ТЕҢЕУ ТҮРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОРАЛЫМДАР. (Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША)

Утебаева А.Қ. - А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің 2 курс магистранты

Аннотация
В данной статье рассматривается сравнение в виде фразеологических оборотов,им сделан лингвостилистический анализ.
Summary
In this article phraseological units in the form of comparison are studied and also the stylistic analysis is made.

Теңеу – адамның рухани дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі. Ең алдымен ол ең пәрменді ойлау формаларының қатарына жатады. Ойлаудың басқа түрлерінің барлығы да (ұғым, пайымдау, ой қорытындылары) көріктеу құралдары арқылы, оның ішінде теңеудің тікелей қатысуы нәтижесінде жүзеге асады.

Теңеу таным құралы болуымен қатар, эстетикалық категориялардың да бірі болып табылады. Олай болуы заңды да. Өйткені адамның көркем ойлауының, соған орай көркемдік танымының аса қуатты құралдарының бірі – көркем әдебиетті теңеулерсіз көз алдыңа елестету мүмкін емес. Теңеу барлық халықтың фольклорында да, жазба әдебиетінде де кеңінен орын алып, әдеби персонаждардың портреттерін жасауда, табиғат көріністерін суреттеуде, кейіпкерлердің мінез-құлқын, іс- әрекеттерін сипаттауда, басқа да толып жатқан жай-жағдаяттарды баяндауда ұтымды стильдік тәсіл ретінде қолданылады[1, 10].

И.В. Гутаров теңеуге мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз- суреттеуді неғұрлым көрнекі ету мақсатымен бір затты, ұғымды күйі басқа бір заттармен, ұғымдармен салыстыруға негізделген көркемдеу тәсілі»[1, 385].

Ғалым М.Серғалиев «Теңеудің стильдік қызметі әр алуан, бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлай сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады», десе, С.Негимов: «Көркем теңеулер – көркемдік қиялдың жемісі.Қоршаған ортаны, табиғатты, тұрмыс-тіршілікті, шаруашылықты жетік білуде поэзия тілінің құлпыра түсуіне, оюлы, өрнекті сөздердің, сырлы суреттердің молая беруіне жойқын әсер етеді»,- деп түйіндеген.[2, 36]

Теңеу категориясын тереңінен зерттеген ғалым, Т.Қоңыров теңеуге былай деп анықтама берген: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-

экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан көрсетілген әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы»[3, 9]

Академик З. Ахметов өзінің «Өлең сөздің теориясы» атты еңбегінде бейнелі сөздер туралы айта келіп, теңеуге тоқталады: «Поэзиялық шығармадағы теңеуді алсақ, мұнда мәселе салыстырылып отырған нәрселердің белгісіз немесе белгілілігінде емес, сол айтылған өзгешелік бұлардың бірінен екіншісінде айқынырақ, көрнектілеу екендігінде, салыстырудың өзінен көп мағына туатындығында» дейді [4, 189]

Теңеулердің жасалу жолдары туралы түрлі пікірлер бар. Мәселен, қазақ теңеулерінің жасалу тәсілдері жөнінде академик Қ. Жұмалиев былай дейді: Орыс тіліндегі теңеулер *«так как, то что, будто, подобно, что»* арқылы жасалатыны тәрізді, қазақта да кейбір теңеулер *«секілді »* деген сөздер арқылы жасалады. Бұл орыс тіліндегі теңеулердің *«будто», «подобно»* деген сөздер арқылы келетін теңеулеріне дәл келеді. Бірақ орыс тілінде теңеулердің көпшілігі *творительный падеж* арқылы жасалады. Бұл септік бізде жоқ. Бізде мұның орнына теңеудің өзіне тән белгілі жұрнақтары бар. Белгісіз нәрсені жұртқа мәлім белгілі нәрселерге салыстыру осы жұрнақтар арқылы орындалады *(-тай, -тей, -дай, -дей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін, -ша, -ше, «дай»).*Қазақ тіліндегі теңеулердің көпшілігі-ақ осы жұрнақтар арқылы жасалады»[5, 204]

Қазақ тіл білімінде теңеулердің мынадай жасалу жолдарын көрсетеді:

1. *– дай, -дей, -тай, -тей; - дайын, -дейін, тайын, тейін* жұрнақтары арқылы;
2. *– ша, ше* жұрнақтары арқылы;
3. *Шығыс септік* жалғауы арқылы;
4. *секілді, іспетті, тәрізді*, сияқты сөздері арқылы;
5. *«тең»* сөзі арқылы;
6. *«ұқсас»* сөзі арқылы;
7. *параллелизм* тәсілі арқылы;
8. аралас тәсіл – бейне дай/ дей, бейне және секілді арқылы;
9. *«бейне»* сөзі арқылы;
10. қосалқы тәсілдер арқылы,

Қазақ тілінде бұл құбылысты зерттеген ғалым Т. Қоңыров «Бұлардың ішінде ең көп кездесетіні – *дай/дей, -тай/тей, -дайын/дейін, -тайын/тейін* жұрнақтары. Бүкіл қазақ теңеулерінің 70%-дан астамы осы тәсіл арқылы дүниеге келеді» - деп тұжырымдаған[3, 15].

Көріктеу құралдарының бірі теңеу- бір затты екінші затқа ұқсастығы арқылы салыстыра қолданылатын стилистикалық тәсіл ретінде көркем шығармаларда көрсетіледі.

Ә. Кекілбаевтың көркем шығармаларында көркемдеудің ең бір көп тараған түрі – теңеуді көріктеу құралы ретінде молынан қолданған. Оның өзі кездейсоқ емес, себебі теңеу – ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де жиі кездесетін әдіс болып саналатыны белгілі. Жазушы бұл тәсілді өмір шындығына сәйкес келетіндей етіп қолданудың үлгісін көрсетті. Өмірдегі не нәрсе болмасын, мейлі ол адам болсын, мейлі ол құбылыс не зат болсын тек салыстыру, теңеу арқылы айқындалады, анықталады, ол үшін суреткердің поэтикалық шеберлігі, тапқырлығы, ой ұшқырлығы, дәлдігі ауадай қажет.Жазушы шығармасында осы тәсілдердің бәрін ұлғайған түрінде қиыннан қиыстырып қолданған.

Г.Смағұлова фразеологизмнің лексикалық варианттарының теңеу арқылы жасалу жолдарын төмендегідей көрсетеді:

1.Есімдерге, етістіктің есімше түріне *(-дай,-дей, -тай, -тей)* жұрнақтары жалғану арқылы туынды сын есімдер сапалы пысықтауыш қызметінде теңеу, салыстыру мағынасында жұмсалады.

Мысалы: *Тек теріскей көк жиектен инедей шаншылып сағым зорайытқан қарауыл төбе бұлаңытады.[6,195])*Фраземаның алғашқы сыңарындағы *«инедей»* теңеуі жаңа эмоционалды мағынаға ие болып тұр.

Қас дұшпаннан қан құстырардай қып өш алып қайтқан соң, інісінің басына ақ түйе сойып айдын асырғысы келді[6, 196]. Бірінші фразалық тіркеске үстеме теңеу *(құстырардай)* сөзбен, мағынада тың образдылық, нақтылық пайда болған.

2. –ша, -ше жұрнағы арқылы үстеуге айналған есімдер де теңеулік сапа мағынасында жұмсалады.Кейде *–дай* жұрнағының орнына *-ша* жалғанып та вариант теңеулер жасалады. Сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады.

Теңеу арқылы жасалған фразеологиялық тіркестің кейбір лексикалық варианттары айналадағы қоршаған орта құбылыстарының, атаулардың ситуациялық сырт ұқсастықтары арқылы жасалған.

Мысалы: *Жүрегінің атша тулап тұрғанын енді барып аңғарды*[6, 423] Мұнда *ат* құбылыстың ұқсас әсерінен тұрақты сөз тіркесі құрамында айтылуы мәнеріне қарай айырықша реңк үстеп тұр.

Фразеологиялық тіркестің теңеу арқылы жасалған кейбір варианттары халықтың дәстүрлі тұрмыс тіршілігіне айналған.

Статья посвещена основным достижениям экономического развития Казахстана в послевоенный период (1946-1950 гг). В это время во главе республиканской партийной организации стоял Жумабай Шаяхметов. Жумабай Шаяхметов – яркий представитель партийной элиты 1940-50 гг. Основной задачей в период его руководства было восстановление экономики Казахстана и его дальнейшее развития. К середине 1950-х годов экономические показатели по всем направлениям превысили довоенные. Преобладающим являлся сыровой сектор.

Summary

This article is devoted to the main achievements of the economic development of Kazakhstan in the post-war period (1946-1950s). Those years the Republican Party organization was at the head of Zhumabai Shayahmetov. He was a representative of the Party elite in 1940-1950s. The main problem in the period of his leading the organization was the reconstruction of the economy of Kazakhstan and its further development. By 1950s the economic appraisal of Kazakhstan became higher than in the pre-war period. The raw sector was predominant.

Отан тарихы – оның даңқты ұлдары мен қыздарының, тарихи тұлғаларының тағдыры мен өмірі және қызметімен тығыз байланысты. Тарихи тұлғалар өмірбаяны – ұлт тарихының құрамдас бөлігі. Елдің тарихын білу, сол ел болу жолында күрескен аға ұрпақ өкілдерінің өмірі мен жүріп өткен жолын зерттеу және олардың қызметін шынайы, объективті бағалау – бүгінгі Тәуелсіз Қазақ елінің ұрпақтарына дұрыс тәлім-тәрбие беруге қажет. Тарихи тұлға деп – белгілі бір кезеңдегі жағдайға байланысты қалыптасқан және жеке басының сапалық қасиеттеріне орай танылған адамды айтады. Жұмабай Шаяхметовтың бүкіл саналы ғұмыры кеңестік социалистік қоғам орнату жолымен тығыз байланысты, ол ұзақ жылдар бойы қайшылықты да күрделі саяси оқиғалар мен ірі мемлекеттік істердің бел ортасында жүрді. Бір атап өтетін жайт, И.Сталин Ж.Шаяхметовты әркез қолдап отырған. Өйткені, ол Сталиндік тұрпаттағы саяси басшы бола білді, заман талабына сай әміршіл - әкімшіл әдістерге сүйенді. Бірақ, біз мына жайтты ескеруіміз керек: Ж.Шаяхметов тоталитарлық жүйе пісіп-жетілген заманда өмір сүрді, екіншіден, ол қазақтан шыққан тұңғыш жоғары лауазым иесі, әрі елді көп жыл басқарған азамат. Ол ҚК (б) П ОК бірінші хатшысы, КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің төрағасы болған жалғыз және үнемі елде ұлттық саясатты қатар алып жүруге тырысқан тұлға екендігін ұмытпауымыз керек.

Жұмабай Шаяхметов Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы қызметін 1946 жылдан 1954 жылға дейін абыроймен атқарды. Қазақстанның экономикасы соғыс уақытында майданға қызмет еткені баршамызға аян, әрине, онда партия және кеңес ұйымдарының орны мен рөлі өте зор болды. Халық шаруашылығын майдан талаптарына сай қайта құру, республикадағы әскери-мобилизациялық жұмыстардың ойдағыдай ұйымдастырылуы, майдан төңірегіндегі аудандардың тылға көшірілген кәсіпорындарды, бейбіт халықты орналастыру, соғыс кезіндегі білім мен мәдениет мәселелері, халықтың Отанды қорғау бағытындағы патриоттық қозғалысын ұйымдастыру сияқты аса маңызды мәселелерде сол кездегі басшылық қызметтерде болған Н.А.Скворцов, Н.Д.Оңдасынов, Ә.Қазақбаев, Ж.Шаяхметов сынды тұлғалар үлкен көрегенділік көрсетті.

Соғыс жылдары Қазақстан территориясында құрылған 50-ден астам әскери құрамалардың құрылуына, олардың ішінде үш ұлттық атты әскер дивизиясы мен екі ұлттық атқыштар бригадасының жасақталуына республика партия ұйымы қамқорлық жасағаны,

олармен майданға барғаннан кейін де тұрақты байланыс жасалып тұрғаны құжаттардан белгілі [1, 9 б.]. Батыста мынадай бір жақсы дәстүрлі сөз бар екен: «Ел басқарған тұлғаларды, қандайда болмасын, бәрін тең дәрежеде сыйлап, құрметтеуге лайық». Рас, өз тұсында Жұмабай Шаяхметов есімі аталмады, лайықты бағасын ала алмады. Оған себеп те жоқ емес. 1949 жылы Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының IY съезінде ҚКП ОК бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовтың ҚК (б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы есепті баяндамасында сөйлеген сөзінде: «Бұл дәуірді-бүкіл еліміздің және Қазақстанның дамуында бір-бірінде зор айырмасы бар үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – дүние жүзілік екінші соғыстың қаупі күшейіп келе жатқан жағдайлардағы бейбітшілікпен жүргізілген жемісті еңбек жылдары еді. Екінші кезең - елімізге фашистік Германияның сұрқиялықпен шабуыл жасауынан басталып, фашистік Германияның және империалистік Жапонияның талқандалуымен, халқымыздың қоғамдық, мемлекеттік құрылысымыздың жеңісімен аяқталды. Бұл дәуірдің ұраны – барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін деген ұран – еліміз бен республикамыздың еңбекшілерін бұрын-соңды болып көрмеген, адам баласы тарихында өзінің ешқандай теңдесі жоқ әскери ерлік пен еңбектегі ерлік істерге аттандырды. Үшінші кезең – жау талқандалып, еліміз қайтадан жемісті бейбіт еңбек жолына түскен кезден, халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны күшті қарқынмен үздіксіз өркендете беру жолына түскен кезден басталады», - делінген [2, 5 б.].

Осылайша өз заманының қиындығы мен ауыртпалығын, жеңісі мен жетістігін қатар көріп отырған Жұмабай Шаяхметов осындай көрегенділікпен үш кезеңді анық аңғарып, оны нақты айқындай білді. Осы арқылы алдағы уақытқа нақты мақсаттар мен міндеттері қойды.

КСРО халық шаруашылығының ажырамас бөлігі ретінде Қазақстан экономикасы да соғыс жылдарында әскери жағдайға, соғыстан кейін бейбіт өмірге икемделді. Экономиканы бейбітшілік жағдайға қайта құру еңбекшілердің қоғамдық-саяси белсенділігі жағдайында жүргізілді. 1946 жылы 24 шілдеде Қазақстанның 1946-1950 жылдарда соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіруге арналған бесжылдық жоспары қабылданды [3, 64 б.]. Қазақстанда өндірістің дамуы 1946-1964 жылдары экстенсивті әдіспен жүргізілді. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру жылдарында республикада өндірістің шикізаттық салаларын дамыту басым жүргізілгені белгілі. Енді Ұлы Отан соғысынан кейінгі Қазақстанның халық шаруашылығының даму деңгейін мұрағат материалдары арқылы өрбітіп көрсек. Көмір өндірісі 1946 жылы 91,1 пайызға орындалды. Барлығы 11511874 тонна көмір өндіріліп, ол 1945 жылмен салыстырғанда, 284,421 тоннаға немесе 2,4 пайызға артық өндірілген. Өнеркәсіптің жалпы өнім көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 1949 жылы 96,8 пайызға, яғни, екі есеге артты. Кеңестік жүйенің халық шаруашылығын дамытып, оның өнімділігін көбейтіп, жұмысты жеделдету үшін қабылдаған бесжылдық жоспарлары осы Ж.Шаяхметов тұсында нағыз қайнаған тұсы болды. 1950 жылы қазан айында Қарағанды большевиктері мен шахтерлары көмір өндіріс бойынша бесжылдық жоспарды жүзеге асыруға ат салысып, көмір өндіру соғысқа дейінгі жылдармен салыстырғанда 2,5 есеге артып, ал күнделікті орташа көмір өндіру – 2,7 есеге өсті [4, 15 п.].

Қазақстандағы мұнай өнеркәсібінің дамуына келсек, 1944 жылы – 923,4 мың тонна, ал 1945 жылы – 751,6 мың тонна, 1946 жылы – 706 мың тонна мұнай өндірілді. Жалпы мұнай өнеркәсібіндегі кемшіліктер геолого-бақылау жұмыстарының, әсіресе, терең бақылау бұрғылау жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі болып табылды. Соған қарамастан, мұрағат деректері бойынша мұнай өндіру жыл сайын артып отырды [4, 21 п.]. Металлургия саласында Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан мыс рудасын, қара мысты қорытуды, сурьма, молибден, қалайы концентраттарын, никель және хромит рудаларын өндіру жұмысын дамытты. 1940 жылмен салыстырғанда, 1948 жылы қорғасын өндіру 71,9 пайыз, алтын рудасын өндіру – 57,8 пайыз болды. Қазақстанның К (б) П IY съезіне металлургияның 19 кәсіпорны соғыстан кейінгі бесжылдықтың үшінші шешуші жылының жоспарын орындады. Олардың арасында Өскемен мырыш зауыты, Қазақ металлургия зауыты, Ақтөбе ферросплав зауыты, Ащысай, Ертіс комбинаттары бар.

Жалпы Қазақстан шикізат көзі ретінде қаралып келді. Қазақстанның соғыстан кейінгі даму жағдайының жоспары 1946 жылы 18 наурызда Жоғары Кеңестің бірінші сессиясында бекітілген «1946-1950 жылдары халық шаруашылығын қалпына келтіру және одан әрі дамыту» атты заңмен белгіленгені баршамызға аян. Бесжылдықта республика халық шаруашылығын дамытуда 8,8 млрд.сом қаржы бөлініп, өнеркәсіп өнімін соғысқа дейінгі 1940 жылғы көрсеткіштен 2,2 есеге арттыру көзделді. Соның арасында Қазақ металлургия зауытын салуды аяқтап, Қарағанды металлургия құрылысын салуды бастауды қолға алу істері тұр еді.

Бесжылдық жоспарды уақытынан бұрын орындап, социалистік жарыс жолында алға шығуға деген ұмтылыс – қара металлургия саласында кең қанат жайып, жұмысшылардың арасында еңбек белсенділігін арттырды. Соның бір айғағы ретінде Теміртауда 2 мартен пеші, 3 прокат жүйесі, Ақтөбе ферросплав зауытында өндірістің үшінші кезегі іске қосылды. Түсті металлургия саласына келсек, Өскемен қорғасын-мырыш өндіру комбинаты іске қосылып, өзінің алғашқы мырышын бере бастады. Сонымен қатар, алты жаңа көмір шахтасы, Қаратон және Мұнайлы кәсіпшіліктері қатарға қосылды, мұнай өндіру жоғарыда айтып кеткендей, соғысқа дейінгі жағдаймен салыстырып қарағанда, пайыздық көрсеткіш арқылы есептесек, 52 пайызға артқан. Сондай-ақ, жеңіл өнеркәсіп саласы бойынша Петропавлда тігін фабрикасы, Жамбылда, Қызылордада, Павлодарда тері өңдейтін зауыттар өз өнімдерін беріп, халық игілігіне қызмет ете бастады. Қазақстанда ҚК (б) П III съезіне дейін нашар дамыған халық шаруашылығы салаларының бірі – ол химия өнеркәсібі болатын. Ал XX ғ. 50 жылдарына қарай бұл кемшілік біраз жойылғандай болды. Ақтөбе химия комбинатында бор кислотасын өндіретін және буратас өндіретін цехтар салынды. Қаратау кен химия комбинатының бірінші кезегі пайдалануға берілді. 1948 жылы Қазақ КСР-інде минерал химиялық шикізаттардың 5 түрі: борат, барит рудасы, фосфорит, күкірт колчеданы, табиғи натрий сульфаты және анабазис (өсімдік) өндірілді [2, 15 б.].

Сонымен қатар, объектілер салудың орасан зор ауқымы құрылыс индустриясының дамуына ықпал етіп, оған мұның алдындағы бесжылдыққа қарағанда күрделі қаржы 3,7 есе көп жұмсалды. Осылайша төртінші бесжылдық кезеңінде құрылыс материалдарын өндіруге де баса назар аударылып, бірінші рет цемент өнімін шығара бастады. Кірпіш, әк, алебастр және тағы да басқа құрылыс материалдарын өндіру соғысқа дейінгі кезеңде өндірілген өнімнен 2,7 есеге асып түсті. Өскеменде, Петропавлда, Қостанайда кірпіш зауыттары салынып, Алматы, Шымкенттегі кірпіш зауыттарының қуаты арттырылды.

Елдің экономикасын арттырып, арадағы байланысты күшейтетін, саяси-экономикалық, әлеуметтік маңызды саланың бірі – жол болып табылады. 1947 жылы Алматы вагон жөндеу зауыты салынды, 98 шақырымға созылған Жамбыл – Шолақтау, 1306 шақырымды құрайтын Алматы – Семей – Лениногорск магистралды желілер, 515 шақырымдық Ақмола – Петропавл байланыс жолдары пайдалануға берілді [4, 37 п.]. Ал 1952 жылы Қазақ КСР территориясындағы теміржол ұзындығы 61 пайызға жетіп, теміржол арқылы жүк тасымалдау 3 есеге өскен [5, 4 п.]. Қазақстан жеріндегі Орынбор, Омбы, Ташкент, Рязань-Орал темір жолдарының қуаты арттырылды. 50 жылдары басында әуе көлігі де жедел дамыды. Алматы Мәскеумен, Одақтың басқа да қалаларымен, барлық облыс орталықтары және шалғайдағы кейбір аудандармен сенімді түрде әуе байланысын орнатты. Осы уақытта Алматы мен Қарағанды әуежайлары салынып, халық игілігіне қызмет етті.

Міне көріп отырғанымыздай, Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік жағдайы соғыстан кейінгі қиын кезеңге қарамастан, тез қарқынмен дамыды. Қазақстанды КСРО көлемінде қуатты мал шаруашылығы және астық базасына айналдыру саясаты көзделді. Себебі Қазақстан осы екі шаруашылық негізі бойынша алдыңғы орындарда болды. Бұған Қазақстанның мал шаруашылығымен бұрыннан таныс, оны дөңгелетіп алып кете алуы, екінші жағынан Қазақстанның көп аймақтары егін егуге, астық шаруашылығымен айналысуға өте қолайлы, нағыз таптырмайтын аумақ болды. Мысалы, 1948 жылы соғысқа дейінгі бес жылмен салыстырғанда, астықты 30,8 миллион пұт, картоп пен көкөністі 14,4 миллион пұтқа артық өндірді. Әсіресе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Шығыс

Қазақстан және Семей облыстары астық беру жөнінен алдыңғы орындарды иеленді. 1949 жылы мал шаруашылығын өркендетуде республиканың 69 ауданын негізінде мал өсіру бағытына көшірді. Бесжылдық жоспарды ірі қара малын өсіру бойынша 67 аудан мен 6 облыс жақсы оырндады: Гурьев, Жамбыл, Қарағанды, батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда облыстары орындап шықты. Ал қой мен ешкі өсіруден 1085 колхоз, жылқы өсіруді 451 совхоз және 5 аудан үш жылда орындады [2, 34 б.]. Әрине, әр нәрсенің екі жағы болады, жақсы және нашар немесе дұрыс және кемшін тұстары бар. Бұл халық шаруашылығының барлық салаларынан көрініс тапты.

Жалпы соғыстан кейінгі кезеңдегі Қазақстан экономикасы қарқынды дамып кеткен жоқ. Ол үшін көп уақыт керек еді. Оған қоса, халық шаруашылығын басқару әміршіл-әкімшіл жүйенің құрсауында болды. Онда жоғарыдан түскен сандық жоспарды орындау басты мақсат болып, ал өнідірілген өнім мен жасалған тауардың сапасына жергілікті басшылар мен жұмысшылардың қарайтын «шамасы» болмады. Бұл халық шаруашылықтың барлық саласына тән құбылыс ретінде кең етек алды. Сондай-ақ, қаржының басым бөлігі бұрынғысынша әскери-өнеркәсіп салаларына жұмсалды.

Алайда, осындай жоғарыдан алған қыспаққа қарамастан, ел экономикасын, әлеуметтік даму принциптерін бейбіт өмірге бейімдеп, елде халық шаруашылығын, өндірісті дамытуға белсене араласып, бел шешіп кірісіп, оны белгілі бір жетістіктерге жеткізіп, жоғарғы жақпен де «тіл табысып», халықтың да «көңілінен шығып» қызмет етудің өзі – үлкен көрегенділікті, асқан ақылды, ойлы шешімді қажет ететін абыройлы еңбек екендігін көрсетеді. Ал осындай ерен еңбекті жүзеге асыруда кеңестік жүйенің ыстығы мен суығына шыдап, ауыр жүкті қайыспай көтере білген, білгір ұйымдастырушы, батыл басшы бола білген – Жұмабай Шаяхметовтың сіңірген еңбегі өте зор деп білемін.

Әдебиеттер:

1. Қ.Мұхаметқалиев, Е.Зәңгіров. Күрделі заманның қайсар қайраткерлері. Ж.Шаяхметов туралы естеліктер.-Астана, 2002.-216 б.
2. Ж.Шаяхметов. Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының IV съезінде ҚК (б) П Орталық Комитетінің жұмысы туралы Есепті баяндама. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1949. 95 б.
3. Б.Сайлан. Қираған шаруашылықты қалпына келтіру. // Қазақ тарихы. 2007,2.64 б.
4. ҚР ПМ. 708-қ, 10-т, 236 іс.
5. ҚР ПМ. 708-қ, 10-т, 236 іс.
6 .ҚР ПМ. 708-қ, 16/1-т,11-іс.

ГРУППОВОЙ, МОЛОДЕЖНЫЙ ЭКСТРЕМИЗМ: КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

Хамидуллина Н.А. - магистрант профильного направления юридического факультета Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова

Түйін

Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасындағы жастар экстремизмнң, оның ішінде діни экстремизмнің кейбір криминологиялық аспектілері қарастырылған.

Аннотация

В данной статье рассматривается молодежный экстремизм в Республике Казахстан, а именно некоторые криминологические аспекты религиозного экстремизма.

Summary

In given is considered Juvenile extremism in the Republic of Kazakhstan and also some criminal aspects of religious extremism.

Экстремизм мәселесі – қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Экстремизм сөзі, латын тілінен «extremus» сөзінен – шектен тыс, соңғы деген мағынаны білдіреді. Бұл құбылыс қоғамның бірлігі мен мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіріп, тәжірибе көрсеткендей қарқынды дамып, кез келген уақытта, яғни кенеттен пайда болуымен сипатталады.

Экстремизм саясаттағы ерекше құбылыс болғандықтан, солшыл немесе оңшыл саяси позициялардағы саяси ағымдардың, радикалдық көзқарастардың, сондай-ақ саяси қарсыластармен компромисстерді, келісулерді жоққа шығаратын және қойылған мақсаттарға кез келген тәсіл арқылы қолжеткізуді көздейтін, яғни оларды жүзеге асырудың шектен тыс тәсілдерінің жолын ұстаушылықты білдіреді.

Біздің еліміз бүгін тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде қалыптасу кезеңін аяқтап, өзінің дамуындағы жаңа, жарқын даңғылға аяқ басты. Дегенмен, қазіргі таңда бой көтеріп жүрген жастар арасындағы экстремизм мен терроризмнің өзге өңірлерде етек алып жүргені жасырын емес.

Жастардың кез келген категориясын, олардың өмірінің кез келген тұстарын зерттеу ең алдымен «жастар» түсінігін нақты анықтаудан бастау қажет, оның ішінде қала, ауыл, жұмыс істейтін, оқитын және т.б. түрлі топтарының ерекшеліктерін қарастыру абзал. Сондықтан да жастар мәселелері қоғамның тұтастай шеңберінде, сондай-ақ оған тән белгілері мен қасиеттерін қоса ерекше әлеуметтік топ ретінде дифференцияланған түрінде зерттеуіміз тиіспіз.

«Жастар» түсінігі ең алғашқы рет 1968 жылы В.Т. Лисовскиймен қарастырылған, онда «жастар—социализация кезеңін өтіп жатқан ұрпақ.....» ретінде қарастырылған [1, 26 б.].

Кейінрек, И.С. Конмен бұдан толық анықтама берілген: «Жастар – жас деңгейі сипаттамасына, әлеуметтік жағдай ерекшеліктеріне және олардың әлеуметтік-психологиялық қасиеттерімен қарастырылған ерекшеліктеріне негізделген әлеуметтік-демографиялық топ [2, 19 б.].

Алайда, Қазақстанның жастарының мәселелері қазіргі заманда өтіп жатқан объективтік процестеріне байланысты болып келеді. Нақтырық айтатын болсақ, олар – урбанизация, қоғамдағы қарт адамдарының көбейуі, сәбилер тууының төмендеуі, жастар саясатының нарықтық жағдайындағы мемлекет үшін жаңа бағыт ретінде қарастырылуы және т.б.

Бүгінгі таңда жастар мәселесі кез келген мемлекет үшін өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі жастар қауымы ескі құндылықтарының жойылу мен жаңа әлеуметтік қарым-қатынастардың пайда болу кезеңінде қалыптасып жатыр. Осыған орай бүгінгі жастардың болашаққа немқұрайлы қарағандықтарынан, олардың ортасында агрессия, экстремизм, шовинизм мен криминалдылықтың өсуі кобейуде. Сондықтан да, социология ғылымымен қатар құқық ілімінде де экстремизм мен жастар субмәдениеті көкейтесті мәселелердің қатарына айналуда.

Отандық қылмыстық заңнамада тек арнайы экстремизмге арналған бап қарастырылмаған. Бірақ Қылмыстық кодекстің 233-3 бабында «Экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру» үшін жауаптылық көзделген:

1. Экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру – бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған нақ сол әрекет – үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады [3, 84 б.].

Экстремизммен байланысты қылмыстар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде көрсетілген қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар қатарына жатады. Бұл жайлы қылмыстар үшін ҚР ҚК 9-тарауы арналған.

Аталмыш қылмыстың қоғамға деген қауіптілігі экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру нәтижесінде террористік әрекеттердің жасалуына, сондай-ақ адамдардың қаза болуына, елеулі мүліктік зиян келтіруіне немесе басқа да қоғамға қауіпті зардаптардың пайда болуына және қоғамда ланкестік жағдайлардың туындауына әкеліп

соқтырады. Бұл қылмыстың объектісі болып – қоғамдық қауіпсіздік болып табылады. Ал объективтік жағы экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыруда байқалады.

Бұл тұрғыда экстремизм ретінде әдеттегідей саясаттағы шектен тыс көзқарастар мен іс-шараларға ынталықты қарастырамыз.

Ал, террористік қызмет деп біз тұлғалардың өз әрекеттерінде террорды, яғни қатал қорқытуды, өз саяси дұшпандарын қорқытуды, сондай-ақ қырып-жоюға дейін әкеліп соқтыратын әрекеттерді түсінеміз. Сөйтіп, экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру – қаруды, жарылғыш заттарды сатып алу үшін қаржыны бөлуді, сондайақ экстремизм немесе террористік қызметтің қатысушыларына төлемақы төлеуді білдіреді. Бұл ретте қаржыландыру деп, тек нақты біреудің қаржысын ғана емес, сонымен қатар дәл сол мақсатта өзге тұлғалардан қаражат жинау болып табылады.

Қылмыстың аяқталғанын экстремизм немесе террористік қызметті дайындап немесе жасап жатқан тұлға немесе оған қатысушының біреуі қаражатты алған сәттен бастап аяқталды деп есептеледі. Осы әрекетті субъективтік тұрғыдан қарастыратын болсақ, ол тұлғаның экстремизмді немесе террористік қызметті қаржыландыру бойынша өз әрекеттерін, сондай-ақ оны жасауды қалайтын, сондай-ақ оның қоғамға қауіпті екенін мойындалған сипатындағы тікелей ниет нысанындағы кінә болып табылады.

Экстремизге байланысты қылмыстардың субъектісі – 16 жасқа толған, есі дұрыс адам. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233-3 екінші тармағы бірнеше рет жасалған нақ сол әрекет үшін үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалану жайлы нормалар қарастырылады. Алайда бұл норма экстремизмге байланысты қылмыстар үшін білікті белгі болып табылады [4, 585 б.].

Соңғы кезде жастар арасындағы экстремизмнің белсенді болып түсуіне жастармен тәрбие жұмысын жүргізу бағытының әлсіреуі және бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан жастардың ой-өрісін, зейіндерін жиі мазалау себептері негіз болып келеді. Әсіресе, жастар саяси күштер үшін, сайлау алдындағы науқан кезінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ерекше бір тиімді құрал болып келетіні баршамызға аян.

Осыған орай, экстремистік қозғалыс өз бетінше дами алатын мүмкіндіктері бар күрделі феномен болып табылады, деген қорытынды шығаруға болады. Оның пайда болуы өзара байланыстағы бірқатар факторларының негізінде қалыптасады.

Аталмыш бірқатар факторларды бірнеше топқа бөлуге болады:

1) экономикалық;

2) әлеуметтік-саяси;

3) идеологиялық.

Бірінші топқа халықтың көп бөлігінің кедейленуімен және оның өзінің әлуметтік мәртебесін жоғалтуымен, жұмыссыздығымен сипатталатын алуан түрлі экономикалық дағдарыстар кіреді. Сондай-ақ бұл топқа экономиканың көп бөлігінің криминализациялануы, қоғамның әлеуметтік топтарға бөлінуі және сепаратистік көзқарастарының өсуіне, яғни экстремистік қозғалыстарды туындататын белгілі бір аумақта көптеген табиғи байлықтарының шоғырлануы немесе тиімді географиялық орналасуы жатады.

Әдеттегідей, осы факторлардың барлығы өз бетінше көрініс таппайды, бірақ өзара тығыз байланысты болып келеді.

Экстремизмнің әлеуметтік-саяси факторларының пайда болуына келетін болсақ, яғни екінші топқа мыналар кіреді: мемлекеттік биліктің әлсіреуі және оның күш көрсететін құрылымдарының салғырттығы; шенеуліктер жемқорлығының өсуі; қоғамның криминализациялануы; экстремизм көріністеріне тиімді күрес білдіретін заңнамалық базаның жоқтығы; шетел мемлекеттері және қоғамдық ұйымдар тарапынан бәсекелес мемлекеттің экономикалық және саяси тұрғыдан әлсіреуіне байланысты өз мақсаттарына жету үшін экстремистерге қолдау көрсету.

Ал, экстремизмнің идеологиялық факторларына келетін болсақ, ол мемлекеттегі халықтың көптеген бөлігімен мойындалған идеологиялық тұжырымның болмауымен ерекшеленеді. Идеологиялық дезинтеграция жағдайында, яғни халықтың көптеген бөлігінің

идеологиялық бағыт-бағдарының жоғалуы кезінде экстремизм өзінің сан алуан көріністерімен жаңа жақтаушыларды қаратуға арналған үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін жеткілікті массалық негіз табуы мүмкін. Бұның негізгі себептеріне, біріншіден, көпұлтты мемлекет қалыпты жағдайда әлсіз күйде білдіретін және дағдарыс кезінде күрт ұлғаятын, мысалы Кеңес одағының құлдырауы кезінде байқалған дәстүрлі этноаралық қарама-қайшылықтардың болуы жатады [5, 89 б.].

Демек, аталмыш факторларының біреуі немесе бірнеше факторларының болмауы жастар арасындағы экстремизмнің бой алуына кедергі келтіреді, сондай-ақ жастардың этноұлттық менталитеті мен қоғамның әлеуметтік мәдени қызметіне экстремистік идеологияның әсер етуі күрт төмендеуіне әкеліп соқтыратынын байқауға болады.

Тағы да, ерекше атап кететін жәйт, ол соңғы жылдардағы экстремистік көзқарастардың Интернет-кеңістігінде кеңінен етек алып жүргендігі. Бұл ретте, жалпыұлттық газеттер мен телеарналарда экстремизмнің бұқаралық түрде жария етіле алмайтын механизмнің Интернетке таралмайтынын байқауға болады. Демек, мұндай жағдай экстремистік көзқарастарды кеңінен, оның ішінде жастар ішінде тарату үшін жағымды мүмкіндік болып отыр. Өйткені, көбінесе жастар Интернетте көптеп жұмыс істейді. Осыған орай, менің ойымша, интернет-кеңістікті экстремизмге қарсы идеологиялық насихат пен күрес жүргізу үшін пайдалануға да болады.

Сөйтіп, бүгінгі таңда Интернет – адамның санасына едәуір ықпал ететін құрал болып саналатыны ешкімде күмән туғыздырмайды. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап Интернеттегі экстремистік тенденцияларға күрес көрсету дамыған батыс мемлекеттерінде экстремизмге қарсы қызметінің маңызды бағыттарының біріне айналды. Сондықтан да Интернеттегі экстремизм көріністерімен күресу бойынша шетелдік тәжірибе идеология шеңберінде, сондай-ақ заңнама төңірегінде де маңызды қызығушылықты туғыздырады.

2009 жылы Молдова, Иран, Қытай Халық Республикасының Шынжан ұйғыр автономиялық республикасында болған оқиғалар кез келген бағыттағы экстремистік ұйымдар «флешмоб» және «твиттер» тәрізді жаңа технологияларды игергендігін білдіреді.

«Флешмоб» (ағылшын сөзі, flash mob – flash – жарқ ету, ыза болу, қағым сәт; mob – жиын, яғни «жиынның ыза болуы» немесе «қағым сәтте пайда болған жиын) – ол алдын ала жоспарланған массалық акция, онда адамдардың көптеп шоғырланған топтары (мобберлер) кенеттен қоғамдық орындарда пайда болып, санаулы минуттар ішінде салиқалы адамдар алдын ала келіскен абсурд маңызындағы әрекеттерді жасап (сценарий бойынша) әр жаққа түк болмағандай бытырап-бытырап кетеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында соңғы кезде «твиттерлік революциялар» туралы жазып келеді. Бір кездері, шетел бұқаралық ақпарат құралдары Молдовада өткен оқиғаларды баяндай отырып, кеңес дәуірінен кейінгі ұрпақтың «твиттер» технологиясын қолданып жүргенін масаттанып жазды. «Твиттер» (ағылшын сөзі «twitter» - шырылдау, шиқылдау) – Сан-Франциско қаласында шыққан технология, ол ашық жаһандық Интернет – «әлеуметтік желісінің» пайдаланушылары үшін ақысыз болып келді. Осындай жаңа технологиялар жастарға нақты уақыт режимінде байланысқа түсуге мүмкіндік береді, яғни бір уақыт ішінде Интернет арқылы және ұялы телефондарға қысқа хабарламаларды жіберу арқылы, экстремистік қозғалыстардың қатысушылары өз әрекеттеріне координация жүргізе алды.

Сөйтіп, жастар экстремизмін бірнеше түрге бөлуге болады. Олар: 1) саяси, 2) ұлттық, 3) діни, 4) спорттық; 5) қылмыстық және т.б. Осылардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар, бірақ оларды келесілер біріктіреді: тым деструктивтік, үстемшілдік, қаталдық; сондай-ақ нақты сипатқа ие болмаған жастар дамуының позитивтік баршаға түсінікті стратегиясы мен нақты идеологиясының жоқтығы; бұқаралық ақпарат құралдарында зорлық-зомбылық культінің, аморальдық пен бәріне ерік көзбен қараушылдықты жүйелі түрде көрсетілуі.

Көбінесе барлық жастардың экстремистік топтары формалдық емес сипатта болғандықтан, осындай топтардың мүшелері экстремистік қозғалыстардың идеологиялық негізі жайлы түсініктері болмайды, оларға бәрінен бұрын аты шулы лозунгтер, сыртқы атрибутика және өзге де аксессуарлар өз әсерін тигізеді.

Сөйтіп, жоғарыдағы құбылыстарды болдыртпау мақсатында елімізде 2005 жылғы 18 ақпанда «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы Қазақстан Республикасы біртұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, конституциялық құрылыс және адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Осы заңға сәйкес экстремизмге қарсы күрес келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: экстремизмді болдыртпау, оның ішінде оны айқындау және одан әрі жоюға бағытталған алдын алу іс-шараларды қабылдау, сондай-ақ экстремизмге қарсы күрес бойынша халықаралық ынтымақтастық құру [6].

2009 жылдың маусым айында Қазақстан Парламентімен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Бұл заң еліміздің аумағы ішінде ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы ақпаратты таратумен байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Алайда, заңды күшіне енген өзгертулер интернет-ресурстардың мазмұнын реттеу бойынша қатал әдістерді ұсынады. Біріншіден, олардың барлығы, оның ішінде форумдар, блогтар, чаттар мен WAP-порталдар дәстүрлі БАҚ теңеліп, яғни оларға да ұлттық заңнамаға қайшы келетін ақпаратты орналастыруға тыйым салынады. Екіншіден, бұл заң Қазақстанда таралатын шетел БАҚ өнімдеріне қатысты сот өндірісін талап берушінің мекенжайы бойынша және жауапкердің қатысуысыз қозғауға болады. Оған қоса, сот органдары сайт иеленушілерінен, егер олардың орналастырылған ақпараты заңға қайшы келетін жағдайда, сайттағы материалдарды жоюды талап етуге құқылы [7].

Осылайша, біз жоғарыда қарастырғандай экстремизм мен террористік қызмет үшін елеулі жауапкершілік қарастырылғанын байқадық. Бірақ, жауапкершілік мәселелері туындамас үшін жастар арасында көптеген қылмыстың алдын алу бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қажет, деп санаймыз. Бұл орайда елімізде біраз жұмыстар атқарылуды. Мысалы, 2009 жылы еліміздің оңтүстік қалаларында ҚР «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» және «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралары атқарылуда. Бүгінгі күні Алматы облысында 543 діни бірлестіктер мен филиалдар жұмыс жүргізеді, олар 486 ғимараттарды пайдаланады.

Демек, ұлтаралық түсініспеушілік пен дінаралық қарама-қайшылыққа шетелдік миссионерлердің және діни волонтерлардың қызметі ықпал етеді деген пікірлер көбірек көрсетілген. Алайда Алматы облысында 10 миссионерлер (Оңтүстік Кореядан – 5, Словакиядан-1, Италиядан - 2, АҚШ-1, Польшадан - 1) Талғар ауданы мен Талдықорған, Текелі, Қапшағай қалаларында өз діндерін уағыздауда. Құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың, дәстүрлі діни бірлестіктердің жетекшілерінің қатысуымен, облыс әкімдігі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес отырыстары жоспарлы түрде өткізіліп тұрады. Кеңес отырысында аудан, қала әкімдіктері жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңестердің, Алматы облысының ішкі істер департаментінің және ішкі саясат басқармасының «дәстүрлі емес» діни бірлестіктермен және миссионерлік қызметпен айналысатын шетелден келген азаматтармен атқарған жұмыстары туралы есептері тыңдалды.

Сонымен қатар, Еңбекшіқазақ, Үйғыр, Панфилов аудандары көпұлтты аудандар болғандықтан ерекше назарға алынып, ұлтаралық қатынастарды нығайтуға көңіл аударылып, өзекті мәселелерді шешудегі жұмыстар жоспар бойынша жүргізілуде. Облыстағы конфессияаралық татулықты және келісімді нығайту мен тұрақтылықты қалыптастыру, терроризм және діни экстремизмнің алдын-алу жолдарын қарастыру мақсатында аудандар мен қалаларда 170-ке жуық «дөңгелек үстелдер», семинарлар, кездесулер т.б. шаралар өткізілді.

Атап айтқанда, «Қазақстан достық пен ұлтаралық қарым-қатынастың үлгісі», «Менің елім - Қазақстан», «Ұлттар достығы - тәуелсіздіктің жарқын көрінісі», «Ішкі саяси тұрақтылықтың басты көзі - ұлттар бірлігінде» атты кең ауқымды тақырыптарда конференциялар, «Хизб-ут-Тахрир» діни – экстремистік партиясына тиым салынғаны

жөнінде және партия мүшелігіне кіру қылмыстық жауапкершілік болып табылатынын жеткізу мақсатында «Этникааралық келісімді сақтау, діни экстремизмнің алдын-алу жолдары», «Қазіргі қоғамдағы діннің рөлі», «Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің тұрақтылығын сақтау», «Конфессияаралық келісім - саяси тұрақтылықтың кепілі», «Тәуелсіз Қазақстан – бірлік пен татулықтың мекені» атты тақырыптарда «дөңгелек үстелдер», «Терроризмнің алдын-алу жолдары мен атқарылатын іс-шаралар туралы», «Дін-бейбітшілік, тату қарым-қатынас, достық пен игілік істердің бастауы» тақырыптарында семинарлар, «Жастарды қылмысқа итермелейтін әрекеттерді болдырмау және оның алдын-алу шаралары» атты брифинг, «Жастар экстремизм және лаңкестікке қарсы» атты акция ұйымдастырылды [8, б. 9].

Қорыта келе, Қазақстанда жастар экстремизмі көбінесе діни сипатта болып келеді. Осыған орай, елімізде экстремизм немесе терроризм қызметінің орын алмауы үшін жастарға өз Отанын сүюге, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруға, ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау мақсатында әр облыстық орталықтарында, жоғары және орта оқу орындарында, сондай-ақ мектептерде де экстремизмге қарсы сан алуан іс-шаралар өткізу қажет.

Болашақта, өткізілетін шаралар ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға, терроризм және діни экстремизмнің алдын-алуға, қоғамдық-саяси ахуалды тұрақтандыруға, сонымен қатар діни бірлестіктердің қызметіне тұрақты түрде мониторинг жүргізілуге, діни ұйымдар арасында жағымсыз процесстер зерделенуге, ақпараттар жиналып жүйеленуге бағытталуы тиіс.

Әдебиет:

1. Социология молодежи. Под ред. В.Т. Лисовского Изд-во СПбГУ. 1996.

2. Кон И.С. Социология молодежи. В кн.: Краткий словарь по социологии М., 1988. 3-е изд.

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы: ЮРИСТ, 2008. – 141 б.

4. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая и особенная части./ Под общей ред. И.Ш. Борчашвили. Изд. 2-е. - Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 992 с.

5. Молодежный экстремизм. Под ред. А.А. Козлова. Изд-во СПбГУ. 2006.

6. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы. – «Егемен Қазақстан» 2005 жылғы 26 ақпан N 40-41

7. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2009 жылғы 10 шілдедегі N 178-IV Заңы. – «Егемен Қазақстан» 2009 жыл, 18 шілде, N 241 (25638).

8. Егемен Қазақстан. Жалпыұлттық республикалық газет. №448-449, 31 желтоқсан 2009 жыл, 9 бет.

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

СОВРЕМЕННОЕ ИНЖЕНЕРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ, ИНЖЕНЕРНЫЕ И ИНФОРМАЦИОННЫЕ НАУКИ 1

СТРАТОСФЕРАДАҒЫ РАДИАЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ БОЛЖАУ 1
Айтмухамбетов А.А. - А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің физика кафедрасының профессоры, ф.-м.ғ.д. 1
Садыкова Б.С. - А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің электроника және есептеуіш кафедрасының магистранты 1

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДА ОПРЕДЕЛЕНИЯ ДОПУСТИМОЙ ПОТЕРИ НАПРЯЖЕНИЯ ПРИ ПРОЕКТИРОВАНИИ ЛЭП АГРАРНЫХ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ 2
Утегулов Б. Б. - д.т.н., профессор кафедры электроэнергетики Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова 2
Ткаченко В.В. - к.т.н., доцент, зав. кафедрой электроэнергетики Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 2

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СПЕЦИАЛИСТОВ ИНЖЕНЕРНОГО ПРОФИЛЯ.....6
Абдыров А. М. - первый проректор, д. п. н., профессор Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина 6
Нурмухамедова Т.К. – ст. преподаватель кафедры «Электроэнергетики» К ГУ им. А. Байтурсынова 6

ФИЗИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ СТИМУЛИРОВАНИЯ «БАКТЕРИАЛЬНОГО ВЗРЫВА» ДЛЯ ПЕРЕРАБОТКИ ОТХОДОВ ПРОИЗВОДСТВА В ЭКОЛОГИЧЕСКИ ЧИСТОЕ УДОБРЕНИЕ 11
Поезжалов В.М. – к.ф.–м.н. зав. кафедрой физики Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 11

РАЗВИТИЕ СИСТЕМ МОНИТОРИНГА ТРАСПОРТНЫХ СРЕДСТВ 13
Сатыбалдина Д.К .- к.т.н., доцент, кафедры электроники и вычислительной техники Костанайского государственного университета им.А. Байтурсынова 13
Гетманов М.И .- магистрант 6N0602- Информатика Костанайского государственного университета им.А. Байтурсынова специальности 13

ПОСТРОЕНИЯ РЕШЕНИЯ СЧЁТНОЙ СИСТЕМЫ НЕКОТОРЫХ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ МЕТОДОМ УКОРОЧЕНИЯ 15
Ысмагул Р.С. - к.ф.-м.н., доцент кафедры математики Костанайского государственного университет имени А.Байтурсынова 15

ОПТИМИЗАЦИЯ РЕЖИМНЫХ ПАРАМЕТРОВ РАБОТЫ НОРИИ НЦ-100.....18
Бедыч Т. В. – к.т.н., ст.преподаватель Костанайского инженерно-педагогического университета 18

ОСНОВЫ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ 21
Сатыбалдина Д.К. - к.т.н., доцент кафедры ЭиВТ Костанайского государственного университет имени А.Байтурсынова 21
Муса А. - магистрант 1 года обучения профильного направления специальности 6N0602 – Информатика Костанайского государственного университет имени А.Байтурсынова 21

ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ ВУЗА ПО ДИСЦИПЛИНЕ ИНФОРМАТИКА 26
Мукашева А.А. – ст. преподаватель кафедры электроники и вычислительной техники Костанайского государственного университета им.А.Байтурсынова 26

АЛГЕБРАИЧЕСКИЕ ОПЕРАЦИИ И ИХ СВОЙСТВА 29
Асканбаева Г.Б. – ст. преподаватель кафедры математики Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 29
Токжанов Д. Ж. - студент Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 29

СПОСОБЫ УПРАВЛЕНИЯ ДАННЫМИ ПРИ ПОМОЩИ ЯЗЫКА СТРУКТУРИРОВАННЫХ ЗАПРОСОВ.....32
Таныкпаева Б.Е. - преподаватель кафедры электроники и вычислительной техники Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 32

УПРАВЛЕНИЕ ДАННЫМИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИИ «КЛИНЕТ-СЕРВЕР».....35
Байсуйеуева Ж.Н.- к.ф.-м.н., доцент Костанайского государственного университет имени А.Байтурсынова .35
Подоляков А.М.- магистрант специальности 6N0602- Информатика Костанайского государственного университет имени А.Байтурсынова.....35

МЕТОДЫ РЕШЕНИЯ АЛГЕБРАИЧЕСКИХ УРАВНЕНИЙ, СОДЕРЖАЩИЕ ПЕРЕМЕННУЮ ПОД ЗНАКОМ МОДУЛЯ.....37
Абатов Н.Т. – к. ф.-м. н., доцент инженерно-технического факультета Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова.....37

К ВОПРОСУ О ПРОЕКТИРОВАНИИ СЛОЖНЫХ СИСТЕМ.....39
Кудубаева С.А. - к.т.н., зав. кафедрой электроники и вычислительной техники Костанайского государственного университет им. А. Байтурсынова 39

МОДЕЛИРОВАНИЕ ПАРООБРАЗОВАНИЯ В НОВОЙ КОНСТРУКЦИИ ПРОПАРИВАТЕЛЯ ДЛЯ ЗЕРНА.....43
Румянцев А.А. - к.т.н., зав. кафедрой технологических машин и оборудования Костанайского государственного университета им. А.Байтурсынова 43
Мазарчук В.В., Ткач Д.В. - студенты группы 07-101-41 Костанайского государственного университета им. А.Байтурсынова.....43

ОСОБЕННОСТИ КОНСТРУКЦИЙ ФИЛЬЕР ЭКСТРУДЕРОВ.....52
Гаврилов Н.В. - к.т.н., доцент кафедры машин, тракторов и автомобилей Костанайского государственного университета им А. Байтурсынова.....52
Жантугулов Т.Ж. - ст. преподаватель кафедры машин, тракторов и автомобилей Костанайского государственного университета им А. Байтурсынова 52
Гаврилова М.Н. - инженер кафедры машин, тракторов и автомобилей Костанайского государственного университета им А. Байтурсынова.....52
Бекмухамбетова Ж.К. - ст. преподаватель кафедры машин, тракторов и автомобилей Костанайского государственного университета им А. Байтурсынова 52

ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНЫХ РАБОТ ПО ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ МЕХАНИКЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ПРОГРАММЫ MATHCAD.....57
Ерсултанова З.С. - к.т.н., доцент кафедры физики Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова.....57

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА.....61

ГЕНЕЗИС РЫНОЧНЫХ ОТНОШЕНИЙ КАК УСЛОВИЕ РАЗВИТИЯ БАНКОВСКОЙ СИСТЕМЫ В КАЗАХСТАНЕ.....61
Жиентаев С.М. - д.э.н., профессор, зав. кафедрой экономической теории Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова.....61

ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ РАЗВИТИЯ АГРАРНОГО СЕКТОРА В США 68
Аленова К.Т. – д.э.н., зав.кафедрой учета, аудита и анализа ЕНУ им. Л. Гумилева.....68
Амангельдиева Ж.А. – ст. преподаватель КазГАТУ им. С. Сейфуллина.....68

НЕПРЕРЫВНОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ПОСТКРИЗИСНЫЙ ПЕРИОД.....74
Тюнин А.И. - доктор философии (к.п.н.), доцент кафедры экономической теории и управления КГУ им. А. Байтурсынова.....74

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНДЕГІ МАРКЕТИНГТІК КООПЕРАЦИЯ ДАМУЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ.....78
Дощанова А.И. - э.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің экономикалық зерттеу орталығының директоры.....78
Ахметқали Т.А. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің экономика және бизнес құжырасының магистранты.....78

К ВОПРОСУ ОБЪЕКТИВНОЙ ОЦЕНКИ ЗЕМЕЛЬ, ИЗЫМАЕМЫМ ИЗ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ОБОРОТА 82
Коваль П.И. - к.э.н., доцент кафедры экономики и бизнеса Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 82

СЛОЖИВШИЕСЯ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ ЗЕРНА С ХЛЕБОПРИЕМНЫМИ ПРЕДПРИЯТИЯМИ 85
Майкопова Г.С. - к.э.н. кафедры финансов Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 85

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОФИЛАКТИКИ БЫТОВОГО НАСИЛИЯ В РК 88
Колпашникова В.М. - к.ю.н., зав. кафедрой теории и истории государства и права Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 88

ПРОБЛЕМЫ НАУЧНО–ТЕХНИЧЕСКИХ НОВОВВЕДЕНИЙ И ГОСУДАРСТВЕННАЯ ИННОВАЦИОННАЯ ПОЛИТИКА 91
Малгараева Ж.К - к.э.н., доцент КазНАУ, г. Алматы 91
Смаилова Ж.П. - преподаватель кафедры экономики КазНАУ, г. Алматы 91

СТРАТЕГИИ УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЕМ МЯСНОГО РЫНКА В КАЗАХСТАНЕ 95
Коптева Л .А. - к.э.н. Алматинской Академии экономики и статистики, зам.директора ЦДОТ г. Костаная 95

УРОВЕНЬ ЖИЗНИ И БЕДНОСТИ В РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА 99
Сейтова Г.Т. – к.э.н. кафедры финансов Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 99

ФОРМИРОВАНИЕ ОРГАНИЗАЦИОННО – ЭКОНОМИЧЕСКОГО МЕХАНИЗМА РЕГУЛИРОВАНИЯ НАУЧНО – ТЕХНИЧЕСКИХ ИННОВАЦИЙ В АПК 103
Малгараева Ж.К. - к.э.н., доцент КазНАУ, г. Алматы 103
Смаилова Ж.П. - преподаватель кафедры экономика КазНАУ, г. Алматы 103

АНАЛИЗ НОРМАТИВНОЙ БАЗЫ, РЕГУЛИРУЮЩЕЙ ОЦЕНКУ ФИНАНСОВОЙ УСТОЙЧИВОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ 106
Уакпаева М. М. – ст. преподаватель кафедры финансов Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 106

СОСТОЯНИЕ РАЗВИТИЯ ЛИЗИНГА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ 110
Завьялова Е. Н. – ст. преподаватель кафедры финансов Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 110

ДЕТЕРМИНАНТЫ КОНКУРЕНТНОГО ПРЕИМУЩЕСТВА ЗЕРНОПРОДУКТОВОЙ ОТРАСЛИ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ 113
Годунов В.В. – ст. преподаватель кафедры финансов Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 113

К ВОПРОСУ РЕГУЛИРОВАНИЯ ФИНАНСОВЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ.. 117
Кужукеева К.М. - ст. преподаватель кафедры финансов Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 117

ПРОБЛЕМЫ В ОРГАНИЗАЦИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СЛЕДОВАТЕЛЯ ПО РАССЛЕДОВАНИЮ ПРЕСТУПЛЕНИЙ 119
Налибаев М.Н. - соискатель КарЮИ МВД РК им. Б. Бейсенова 119

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПРОИЗВОДСТВА ПРЕДВАРИТЕЛЬНОГО СЛЕДСТВИЯ И ДОЗНАНИЯ В УПРОЩЕННОМ ВИДЕ 122
Колпашникова В.М. – к.ю.н., зав.кафедрой теории и истории государства и права Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 122

ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОГО ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ КРЕСТЬЯНСКИХ (ФЕРМЕРСКИХ) ХОЗЯЙСТВ 124
Мишулина О. В. - д.э.н., профессор, зав. кафедрой менеджмента и маркетинга Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 124

Тулибаева М. Н. - магистрант 1 курса Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 124

ВНЕШНИЕ ЗАИМСТВОВАНИЯ БАНКОВ И АНТИКРИЗИСНЫЕ МЕРЫ ГОСУДАРСТВА НА ФИНАНСОВОМ СЕКТОРЕ 128
Жаналинов Б.Н. - к.т.н., доцент кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 128

***РОЛЬ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ* 133**
Дорожко Т.П. - доктор PhD (к.э.н), доцент кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 133
Салимова А.Е. –ст. преподаватель кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 133
Баирова Г.Д. – преподаватель кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 133

***ФИНАНСОВАЯ ПОДДЕРЖКА АПК КАК ОСНОВА ЕГО ЭФФЕКТИВНОГО ЕГО РАЗВИТИЯ* 135**
Сартанова Н.Т. – к.э.н., доцент кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 135
Абаева Г.И. – к.э.н., доцент кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 135
Саду Ж.Н. – ст. преподаватель кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 135

***МЕЖБАНКОВСКАЯ СИСТЕМА ПЕРЕВОДА ДЕНЕГ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ОСОБЕННОСТИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ* 138**
Маляренко О.И. - ст. преподаватель кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 139
Субботина Е.И. - ст. преподаватель кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 139
Пономарев М.Н. - ст. преподаватель кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 139

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ МАРКЕТИНГТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 141
Дощанова А.И. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті экономика және бизнес құжырасының доцент, э.ғ.к., Экономикалық зерттеулер орталығының директоры 141
Нұрханова И.А. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті экономика және қаржы факультетінің магистранты 141

МЕХАНИЗМ РЕГУЛИРОВАНИЯ И ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ В МАЛЫХ ГОРОДАХ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ 145
Абаева Г.И. - к.э.н., доцент кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А.Байтурсынова 145
Абжанова А.К. – ст. преподаватель кафедры банковского дела Костанайского государственного университета им. А.Байтурсынова 146

ПРОБЛЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ 150
Есенбекова Ж. Ж. - магистр экономики, преподаватель кафедры экономики и бизнеса Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 150

ВОПРОСЫ АНТИМОНОПОЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН 157
Шарафиев Е.С. - магистрант кафедры экономики и бизнеса экономического факультета Костанайского государственного университета им А. Байтурсынова 157

ПРАВОВОЙ СТАТУС ПРОКУРОРА В СУДЕБНОМ РАЗБИРАТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН 162
Шевченко О.В. - магистрант 1 курса специальности «Юриспруденция» Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 162

ЗНАЧЕНИЕ СУБЪЕКТИВНОЙ СТОРОНЫ ПРЕСТУПЛЕНИЯ С ЮРИДИЧЕСКОЙ ТОЧКИ ЗРЕНИЯ 166

Рябец Н.А. - магистрант 1 года обучения профильного направления специальности – «Юриспруденция» Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 166

ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ПРОКУРАТУРЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН..... 169
Халецкая Т.А. - магистрант юридического факультета первого курса профильного направления Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 169

WINTER OLYMPIC GAMES: ECONOMIC, DEMOGRAPHIC AND GEOGRAPHIC FACTORS THROUGH ECONOMETRIC PERSPECTIVE. 173
Жиентаев Н. - магистрант университета Уорвик (Великобритания)..... 173

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘМЕЛЕТКЕ ЖАСЫ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ 176
Баймуханова А.Б. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, заң факультетінің 1-курс магистранты..... 176

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНАН КЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ (1946-1950 жж.)..... 179
Елкей Н.Н. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің 2 курс магистранты 179

ГРУППОВОЙ, МОЛОДЕЖНЫЙ ЭКСТРЕМИЗМ: КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ 183
Хамидуллина Н.А. - магистрант профильного направления юридического факультета Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова 183